



«СЕРГЕК» СЕРГЕКТІККЕ ҮЙРЕТЕ МЕ?

7-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



ЕҢ АУЫР ДЕРТ – САНА ДЕРТІ

8-БЕТ | ҰЛТ ҰПАЙЫ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРАМЫЗ ДЕСЕК, САЯСИ-ЭКОНОМИКА-
ЛЫҚ РЕФОРМА ЖАСАУ ЖЕТКІЛІКСІЗ. ЕҢ БАСТЫСЫ, ҚОҒАМДЫҚ
САНА, АЗАМАТТАРДЫҢ НИЕТІ ӨЗГЕРУІ КЕРЕК. ОНСЫЗ БАСҚА
ЖҰМЫСТЫҢ БӘРІ БЕКЕР. МЕН БҰЛ ТУРАЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ-
ДЫҢ ЕКІНШІ ОТЫРЫСЫНДА НАҚТЫ АЙТТЫМ. ҰЛТТЫҢ ЖАҢА
САПАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕЛІМІЗ ҮШІН АЙРЫҚША МАҢЫЗДЫ.
ӘРБІР АЗАМАТЫМЫЗ, ӘСІРЕСЕ, ЖАСТАР ЕҢ ЖАҚСЫ ҚАСИЕТТЕРДІ
БОЙЫНА СІЦІРУІ ҚАЖЕТ. ОНЫҢ БӘРІ БІРІГІП, БІРТҰТАС ҚОҒАМДЫҚ
ҚАСИЕТКЕ АЙНАЛАДЫ.

№135
(4568)

Сейсенбі
14 қараша
2023 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ТӨЛ ТЕҢГЕ КҮНІ

Тәуелсіздіктің төл теңгесі – елдігіміздің мәртебелі символы. Оның айналымға енгеніне 15 қарашада 30 жыл толады.

Еліміздің экономикасын дамытуға, тәуелсіздіктің елең-алаң шағында қаржы саласының еңсе тіктеуіне ұлттық валютамыздың айналымға енуі мемлекеттік маңызды оқиға болғаны белгілі.


Алғашқы теңгеміздің қайда және қалай жасалғаны, халықтың қолына тиетін уақытын Мемлекет басшысынан басқа ешкім білмеді. Сөйтіп, Ұлыбритания елінде жасалған теңгенің бірінші легі 8 қарашада Лондоннан жеткізілгеннен кейін, 8 күннің ішінде еліміздегі барлық банк бөлімшесіне таратылып, қазақстандықтардың қолына тиген еді. Ал 1995 жылы мамыр айында Қазақстанның тұңғыш Банкноттар фабрикасы ашылды.

5



ТҰРҒЫНДАР ТАЛАБЫ ДА, ТІЛЕГІ ДЕ ЕСКЕРІЛЕДІ

Елорда әкімдігі «Астана – жайлы қала» бағдарламасын жүзеге асыра бастағалы тұрғындармен кездесіп, шешімін күткен өзекті мәселелерді анықтап алуды дәстүрге айналдырған. Бұл бағытта қаланың Қоғамдық кеңесі белсенділік танытып, елорданың әрбір ауданында, тұрғын алаптарында болып, түйткілді мәселелерді алдын ала анықтап, мәслихат пен әкімдіктің қарауына ұсынады.



ЕЛОРДАДА – ЖАҢА КӨШЕЛЕР

Астана қаласы әкімдігі мен қалалық мәслихаттың 2023 жылғы 31 қазандағы «Астана қаласының кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру туралы» бірлескен қаулысы қабылданды.

Атап айтқанда, мына көшелердің атауы жаңарды: Есіл ауданындағы жобалық атауы №28/1 көше – Анадолы көшесі, Нұра ауданындағы жобалық атауы Е108 көшесі Шандор Петөфи көшесі деп өзгерді. Құжат 2023 жылғы 8 қарашада жарияланды.

«АҢСАҒАН СӘБИ» АРҚЫЛЫ 5000 НӘРЕСТЕ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ

Мемлекет басшысы 2021 жылы бастамашылық еткен «Аңсаған сәби» арнайы бағдарламасын іске асыру нәтижесінде 8 мың әйел жүкті болып, 5000-нан аса сәби дүниеге келді.

Бұл жөнінде Қазақстандық репродуктивтік медицина қауымдастығының 15 жылдығына арналған халықаралық конгресте айтылды. Әлемде бедеуліктің әртүрлі түрін емдеудің үлкен тәжірибесі бар. Қазіргі әдістердің көпшілігі Қазақстанда да сәтті енгізілді. Қазіргі деңгейде эндовидеохирургия, диагностика мен емдеудің гормоналды әдістері дамуда, қауіпсіздік пен тиімділік бейіні жоғары жаңа дәрілік препараттар тіркелуде.

Андрология, медициналық генетика, эмбриология және молекулалық биология қарқынды дамып келеді.

Қазақстандық репродуктивтік медицина қауымдастығы (ҚРМҚ) 2008 жылғы 2 қазанда құрылды және бедеулік некені емдеумен айналысатын акушер-гинеколог, андролог, эмбриолог, генетик, психолог мамандарын біріктіреді. ҚРМҚ – Еуропалық адам репродукциясы консорциумының қауымдастырылған мүшесі.



ЖОЛАҚЫ ЭЛЕКТРОНДЫ БОЛАДЫ

Астананың қоғамдық көлігінде жол ақысын төлеудің жаңа электрондық жүйесін енгізу жалғасып жатыр.

«Avtobys» қосымшасы арқылы бақыланатын бағыт саны артып келеді. Бұған дейін жаңа автобустар №3, 15, 32, 54, 61-бағдарға қосылған болса, енді №5, 5А, 8, 26, 45-бағытқа қосылды» делінген «City Transportation Systems» компаниясы хабарламасында.

Жүйе толық енгізілгеннен кейін барлық сервис бұрынғыдай жұмыс істейді. Жаңа жүйеге толық көшу мерзімі – 2023 жылдың соңы.



ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Польша Президенті Анджей Дудаға құттықтау жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Анджей Дуданы Польша Республикасының ұлттық мейрамы – Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

«Бүгінде Польша саяси, әлеуметтік-экономикалық

дамуда, халқының әл-ауқатын қамтамасыз етуде зор жетістіктерге жетті. Осы тұста еліңіздің әлемдегі мәртебесі одан әрі асқақтап, халқыңыздың ырыс-берекесі еселене беруіне тілектестігімді білдіремін.

Біз Польшаны Қазақстанның Еуропадағы жақын серіктесі деп білеміз және достық пен өзара түсіністік рухындағы қарым-қатынастарымызды тереңдетуге ерекше мән береміз» деп жазылған жеделхатта.

БАС ПРОКУРОР ЕСЕП БЕРДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Бас прокурор Берік Асылловты қабылдады. Мемлекет басшысына еліміздегі заңдылық пен құқықтық тәртіптің жай-күйі, сондай-ақ қадағалаушы органның қызметіндегі басым бағыттар жөнінде мәлімет берілді.

Берік Асыллов заңсыз иемденілген активтерді қайтару үшін қабылданып жатқан шаралар және осы мақсатта жаңадан құрылған комитеттің қызметі туралы баяндады. Бас прокурордың айтуынша, комитет шетелге шығарылған активтерді іздеу, заңсыз схемаларды әшкерелеу үшін жаңадан интеллектуалды пайдалану арқылы IT технологияларды қолданады.

Мемлекет басшысына маңызды инвестициялық жобаларды құқықтық тұрғыдан қолдау жұмыстары жөнінде ақпарат берілді. Құрамына Сыртқы істер министрлігі, «Қазақ-Инвест» ҰК» АҚ, «Атамекен» ҰКП өкілдері және Бизнес-омбудсмен кіретін арнаулы Ведомствоаралық комиссия инвестициялық ахуалды жақсартуға бағытталған алғашқы шараларды әзірледі. Прокурорлар 900-ден астам инвестициялық жобаны бақылауға алды. Қазірдің өзінде 41 инвестор-

дың түйткілді мәселелері шешімін тапты.

Президентке инвестицияның қауіпсіздігіне кепілді күшейту үшін инвестициялық жобаны жүзеге асырудың бүкіл процесін нақты уақыт режимінде бақылауда ұстауға мүмкіндік беретін цифрлық шешімдер енгізу, сондай-ақ мемлекеттік органдардың бизнеске қатысты негізгі шешімдерін прокурормен келісу ұсынылды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа үш буынды модель аясында кәсіпкерлерді қылмыстық қудалау 3 есе қысқарғаны (614-тен 204-ке дейін) жөнінде мәлімет берілді. Жалпы еліміз бойынша 1041 тұлғаның негізсіз қылмыстық қудалауға тартылуына жол берілген жоқ. Конституциялық құқық бұзушылықтар саны 29 пайызға қысқарды (310-нан 222-ге дейін).

Бұдан бөлек, Президентке азаптауға қарсы іс-қимыл шаралары жөнінде баяндалды.

Мұндай әрекеттердің алдын алу үшін 54 түзету мекемесінде 29 мың бейнекамера орнатылған, сәйкесінше азаптау фактілеріне шағымдану да 94-тен 17-ге дейін азайған.

Сондай-ақ Бас прокурор қоғамда резонанс тудырған қылмыстардың тергелу ба-рысы жөнінде есеп берді. Аталған мәселелермен қатар, халықаралық ынтымақтастық бағытында атқарылған жұмыстардың нәтижесі таныстырылды. Атап айтқанда, биыл шетелден ауыр және аса ауыр қылмыс жасады деп айып тағылған 40 адам экстрадицияланды. Жалпы Қазақстан қылмыстық-құқықтық сала бойынша алыс шетелдің 34 мемлекетімен 74 шартқа қол қойды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің тыныс-тіршілігіне қатысты барлық салада заңның сақталуын қамтамасыз ету ісін күшейту қажет екеніне назар аударды.



«ЖАҒАЛАУ» ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек «Жағалау» шағын ауданы қалай дамидыны айтты. Бұл туралы қала басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында ақпарат таратты.

«Жағалау» шағын ауданы – қаланың қарқынды дамып келе жатқан шағын ауданының бірі. Мұнда үлкен жұмыстар орындалуы қажет: әлеуметтік нысандар салу, жол-көлік инфрақұрылымы, жарықтандыру жүргізу, абаттандыру мәселелері және т. б.

Қаланы аралау барысында бірнеше орынға бардым. Маңызды мәселенің бірі – мектеп салу. Нұра ауданының өзінде «Жайлы мектеп» жобасы бойынша 2024-2025 жылдары 9 мектеп салынады. Абаттандыруға тоқталар бол-

сақ, биыл Нұра ауданында 5 қоғамдық кеңістік абаттандырылды. Олардың бірі «Жағалау» тұрғын үй кешенінің маңында жылдар бойы бос жатқан учаске абаттандырылды. Онда автотұрағы бар 12 қабатты көпфункционалды кешен салу жоспарланған болатын. Сол сияқты Ш.Айтматов көшесінің бойында көгалдандыру жұмысы қолға алынды. 1 мыңнан астам ағаш отырғызылды.

«Шығыс» тұрғын үй кешенінің артындағы BINOM мектебіне дейінгі көшелердің (Е-12, Е-14, Е-15,

Е-32, Е-35) құрылысы аяқталды. Онда шаруашылық-тұрмыстық көріз, нөсер көрізі, су құбыры жабдықталған, жарықтандыру кабельдері ішінара төселген. Дегенмен шағын ауданда жарықтандыру мәселесі әлі де бар, желілердің бәрі балансқа берілмеген. Біз оларды кезең-кезеңімен қаланың балансына қабылдаймыз. Көктемде көше құрылысы, аула мен қоғамдық кеңістікті абаттандыру, көгалдандыру және т. б. жұмысты жалғастырамыз» деп жазды Жеңіс Қасымбек.

ОҚУШЫЛАРДЫ ЕСІРТКІДЕН ҚАЛАЙ САҚТАНДЫРАМЫЗ?

Жыл басынан бері Қазақстанда полицейлер есірткі қылмысына қатысқаны үшін 34 баланы ұстады. Олардың әрқайсысы 15 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Бұл туралы астаналық полицейлер оқушылармен кездесуде толық түсінік берді.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

Жасөспірімнің дұрыс және қауіпсіз шешім қабылдауы үшін барлық мемлекеттік органдардың, жұртшылықтың және ең алдымен ата-ананың қатысуы қажет. Есірткіні қолданудың салдарын ғана емес, сонымен бірге, кез келген есірткіге қатысты әрекеті үшін жауапкершілікте де тікелей түсіндіру маңызды. Сондықтан ПІМ Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаментінің басшылығымен практикалық жұмыс жүргізу және жастарға есірткінің заңсыз айналымына қатысудың құқықтық салдары туралы түсіндіру жөнінде шешім қабылданды.

Осыған орай, құзырлы министрліктің Есірткіге қарсы іс-қимыл департаменті бастығының орынбасары Бақытжан Әмірханов Астана қаласының №3 мектеп-гимназиясы мен Көлік және коммуникация жоғары колледжінің оқушыларымен кездесті. Б.Әмірханов оқушылардың алдында сөйлеген сөзінде жасөспірімдердің шешілмейтін салдары болуы мүмкін ең маңызды проблемалары туралы айтты, ол: буллинг, құмар

ойындар, жасөспірімдердің суицид мәселелері, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтар, соның ішінде есірткі қылмысы үшін жауапкершілік.

Полицейдің айтуынша, есірткі сатушылар жасөспірімдерді есірткі сатудың ең қауіпті кезеңінде, заңсыз затпен тікелей байланыс қажет болған кезде пайдаланады.

«Жасөспірімдерге әртүрлі амал-айла жасау оңайырақ. Оларды қылмыстық жауапкершілік жасына жетпеген деп сендіреді, сондықтан ауыр жаза болмайды, ең көбі – ата-анаға айыппұл салынады деп айтылады. Жастарға аз күш жұмсап, үлкен табыс табуға уәде беріледі. Алайда мұндай есірткі курьері «жұмысының» ең ұзақ мерзімі – 2-3 ай. Әрі қарай олар ұсталып, 7 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылып, колонияда жазасын өтейді» деп түсіндірді ол.

Ішкі істер министрлігінің міндеті: әрбір оқушы мен студентке осындай оңай «табыстың» салдары туралы ескерту. Қара нарықта бір грамм мефедронның құны – 28 мың теңге. Ал есірткі дүкенінде бір грамм үшін 2000 теңгені құрайды. Дәл осы сомаға есірткіні дүкенге жеткізген курьердің еркіндігі де кіреді. Бақытжан Әмірханов түсіндіргендей, көмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алуда әрбір полиция қызметкерінің үлесі маңызды. Сондықтан министрлік елорданың оқу орындарында орталық аппараттың бейінді департаментінің қызметкерлерімен осындай іс-шараларды өткізу кестесін әзірледі.

Жүздесуде ұзақ мерзімге бас бостандығынан айыруға әкеп соқтыратын іс-әрекеттерге ерекше назар аударылады. Оларға есірткі айналымы саласындағы қылмыстар жатады. Есірткіні сақтау, өткізу, өндіру немесе тасымалдау үшін қылмыстық жауапкершілік 16 жастан басталады. Есірткіні жасыратын адам немесе курьер 7 жылдан 15 жылға дейінгі

мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын алады. Интернетте есірткіні жарнамалау, насихаттау, белгілі бір есірткі туралы форумдарда оң пікір үшін жаза 3 жылдан 6 жылға дейін бас бостандығынан айыруды көздейді.

2023 жылдың басынан бері полицейлер есірткі қылмысына қатысқаны үшін 34 жасөспірімді ұстаған. Олардың әрқайсысының жауапкершілік дәрежесін тергеу органдары мен сот белгілейді. Құзырлы департамент қызметкерлері егер алдын алу іс-шаралары қабылданбаса, онда бұл көрсеткіш артып, есірткі сататын тізбекке жастар жиі тартылатынын айтады. Алайда тек жазалайтын іс-шараларымен ахуалды түзету мүмкін емес.

Жыл соңына дейін полицейлердің қатысуымен елорданың барлық колледжінің студенттерімен кездесу өтеді. Келесі жылы бұл жұмыс жоғары оқу орындары мен мектептерге кеңейтіледі. Қызметтік іссапарға шыққан кезде ПІМ Есірткі бизнесіне қарсы іс-қимыл департаментінің қызметкерлері өңірлерде осындай кездесулер өткізеді.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Араб елдерінде ортақ виза күшіне енеді.

Біріккен Араб Әмірлігі, Сауд Арабиясы, Қатар, Кувейт, Оман және Бахрейн елдерінде «Араб шенгені» 2024 жылдан бастап күшіне енеді. Аталған 6 ел – Парсы шығанағындағы араб елдерінің ынтымақтастық кеңесіне мүше. Ортақ визаны енгізу бастамасы аймақтың туристік әлеуетін арттыру үшін жасалып отыр.



Францияда үйін су басқан жүздеген тұрғын қауіпсіз жерге көшірілді.

Бірнеше күн бойы толассыз құйған нөсер соңы тасқынға ұласқан. Елді мекендерді су басып жатыр. Осының алдында табиғат апатына байланысты Па-де-Кале аймағында қауіп-қатердің ең жоғары деңгейі енгізілген еді. Синоптиктер алдағы күндері тағы жаңбыр жауып, су тасқыны күшеюі мүмкін деп ескертіп отыр.



Газа секторында әрбір 10 минут сайын бір бала ажал құшады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының басшысы Тедрос Гебрейесустың айтуынша, Газа ауруханаларындағы барлық медицина техникасы істен шыққан. Нәрселер жататын арнайы құрылғылар жұмыс істемейді. Жаралыларға шұғыл көмек көрсету қиын. Таяу Шығыста 40 күнге таяп қалған қақтығыс әлі де басылар емес.

КӨГАЛДАНДЫРУ ЖАРҒЫСЫ ҚАРАЛАДЫ

Елорда әкімдігі қалалық Урбанистика орталығымен бірлесіп, Астананы көгалдандыру жарғысын әзірлеп жатыр. Құжат қалалық мәслихаттың отырысында қаралады.

Көгалдандыру жарғысы нақты шараларды, жоспарларды және Астананы көгалдандырудың жалпы стратегиясын қамтитын ережелер мен ұсыныстар жинағы болады. Құжат – қаланың барлық қатысушылары, оның ішінде тұрғын үй кешендері, өнеркәсіп және коммерция нысандары, сауда және бизнес орталықтарына сапалы көгалдандыру және көгалдандыру мәселелеріне ерекше назар аудару құралы.

Тиісті құжат аясында жасыл желек, суару жүйесі және күтім жұмысымен қамтамасыз ету, ағаштар саны бойынша регламент және т. б. талаптар қабылданады. Мысалы, биыл құрылыс салушылар тарапынан жасыл желекті отырғызу 2,5 есеге ұлғайды. Қала бойынша 100000-нан астам жасыл желек отырғызылды. Бүгінгі таңда жасыл желекке жүргізілген түгендеу қорытындысы бойынша елорданың бір тұрғынына көгалдандыру алаңы 14 шаршы метрді құрайды. Мақсат – оны бірнеше жыл ішінде 19 шаршы метрге дейін арттыру.



Қаланы көгалдандыру бойынша ұсыныстар мен идеяларды тұрғындар Урбанистика орталығының centerofurbanism@gmail.com поштасына жібере алады. Ұсыныстар өңделеді және ескеріледі. Биыл желтоқсан айында қаланы көгалдандыру жарғысы Астана қаласы мәслихатының отырысында қаралады.

ВАНДАЛИЗМ ЖАЗАСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Бас қалада соңғы 10 айда вандализм бойынша 120 факт тіркелген. Бұзақылар аялдама тұрағы, демалыс орындары секілді инфрақұрылым нысандарын бүлдірген. Осыған орай, Астанада «Тоқта, вандал!» акциясы аясында қоғамдық орындарға рейд өткізілді. Іс-шараға тәртіп сақшыларымен қатар, қоғам қайраткерлері, Ауған соғысының ардагерлері, қала белсенділері, белгілі спортшы Айтым Жақыпов және «Астана жастары» ұйымының волонтерлері қатысты.



Райхан РАХМЕТОВА

Акция қала мүлкін қорғауға, қоғамдық орындарда тәртіпті сақтауға бағытталған. Бөтеннің мүлкін қасақана бүлдіру әкімшілік жауапкершілікке, атап айтқанда, 200 АЕК-ке дейінгі айыппұлға әкеп соғады. Вандализм жасағандар жазасыз қалмайды. Қазір мұндай бұзушылықты анықтауға бағытталған іс-шаралар жиі жүргізілуде. Осы ретте қалада вандализм бойынша 90 әкімшілік айыппұл салынып, өндірілді және 17 адам әкімшілік қамауға алынды.

– Тәртіп сақшылары вандалдардың әрекеті анықталғаннан кейін тиісті шаралар қабылдайды. Құқық бұзушы анықталған соң, әкімшілік хаттама толтырылады және материалдар одан әрі әкімшілік сотқа жіберіледі, – деді

Әлемде алғаш рет адам көзіне трансплантация жасалды.

Операцияны Нью-Йорк емханасының хирургтері жасаған. Науқастың көру қабілеті әзірге қалпына келмесе де, дәрігерлер бұл медицинадағы үлкен жаңалық дейді. 21 сағатқа созылған операцияға 140-тан астам хирург қатысқан. Науқас осыдан 2 жыл бұрын 7200 вольттық токқа түсіп, сол жақ беті, мұрны, аузы, сол көзі мен қолына үлкен зақым келген екен.



Антарктикадағы мұздықтардың еруі мұхит деңгейін көтереді.

Осы мәселені зерттеген ғалымдар дабыл қағып жатыр. Халықаралық океанография институтының зерттеуі бойынша бұлай жалғаса берсе, 2300 жылға қарай су деңгейі 15 пайызға көтерілуі мүмкін. Бұл өз кезегінде жер бетінде алапат су тасқынына әкеледі деп қауіптенеді мамандар.

ҚР Ұлттық Банкі Орталық филиалында Қазақстанның ұлттық валютасын айналымға енгізуге тікелей қатысқан Ұлттық Банктің қызметкерлері мен зейнеткерлерін естелік медальдармен марапаттау рәсімі өтті.

ТЕҢГЕ КҮНІНЕ ТАРТУ

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

ҚР Ұлттық Банкі Орталық филиалының директоры Әмірбек Санкубаев Ұлттық Банктің бір топ қызметкері мен зейнеткерін ұлттық валюта – теңге күнімен құттықтап, бірнеше озат банк қызметкеріне алғыс хат тапсырды.

– Теңгенің айналымға енгеніне 30 жыл толып отыр. Осы жолда еңбектенген барша ардагерлерімізге, банк қызметкерлеріне ерекше алғыс білдіргім келеді. Теңгеміз тұрақты, қаржы секторы бәсекелі болсын, мемлекетіміз өсіп, гүлдене берсін, төл мерекеміз құтты болсын! – деді Әмірбек Бөріұлы салтанатты іс-шара кезінде.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында күні-түні еңбек етіп, ұлттық валютамыз айналымға енген кездегі жауапты сәттерді тебірене еске алған ардагерлер банк жүйесі саласында істеген жылдардағы жақсы естеліктерін айтты. Банк саласының ардагерлері сөз алып, өздеріне жасалып отырған қамқорлық жөнінде

ризашылығын білдіріп, теңгенің ел игілігіне қызмет ете беруін тіледі.

– Еліміздің экономикасын дамытуға, тәуелсіздіктің елең-алаң шағындағы қаржы саласының еңсе тіктеуіне, ұлттық валютамыздың айналымға енуіне сіңірген еңбегі орасан ардагерлер – бүгінде бейнетің зейнетін көріп отырған құрметті азаматтар. Еліміздің дамуына титтей болса да үлес қосқанымызды мақтаныш етеміз, – деді зейнеткер Мұқат Сейфуллин.

– Елде экономикалық байланыс үзіліп, өңірдегі тұрғындар жалақы, зейнетақы ала алмай, қаржыдан тартқан кезде бізде де банк саласында бәрі оңай болған жоқ, қарауымдағы 60-тан астам адамды ортақ іске жетелеу, бұрын-соңды жасамаған тың жолды таңдау, жұдырықтай жұмылып жұмыс істеу, әрқайсысының бабын табу оңай болған жоқ. Бұл үлкен жауапкершілік еді. Табанды еңбек, төккен тердің арқасында барлық қиындықтан абыроймен шықтық. Тәуелсіздіктің төл теңгесі – еліміздің асқақ абыройы, айрықша символы. Сол жолда қызмет еткенімізге ризамын, барлығыңызға амандық пен абырой тілеймін! – деді банк саласының ардагері Татьяна Гуменюк.

ЕЛОРДАДА ВОЛОНТЕР КӨП

Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында мәлімдеді.

– 2020 жылдан бастап «Еріктілікті дамытудың 2021-2023 жылдарға арналған Жол картасын» орындау шеңберінде «Астана жастары» ЖРО базасында волонтерлік ұйымдар мен қозғалыстарға ресурстық және ақпараттық көмек көрсету үшін «қалалық еріктілер штабының» фронт-офисі жұмыс істейді.

Тұрақты негізде 30 волонтерлік ұйыммен және 20 бастамашыл волон-

терлік топпен, 4 YEY-мен мемлекеттік жастар саясатын іске асыру саласында, кәсіпорындармен және қала меценатарымен бірлескен қызмет жүргізіледі. Штапта 6000-нан астам белсенді ерікті жұмыс істейді. Олармен бірге 2023 жылы 670-тен астам іс-шара өткізілді. Негізгі жобалар: «BizBirgemiz», «Қайыпсыз қала», «Қамқорлық мекенжайы», «Ардагерлерді ардақтайық», «Taza Alem», – дейді мәслихат төрағасы.



ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС ӘДІСТЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астанада сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес әдістері талқыланды. Мұндағы мақсат – елордада парасат идеологиясын ілгерілету.

Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығының клубында «Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықпен күрес және оның алдын алу» тақырыбында ақпарат сағаты ұйымдастырылды. Оған Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығының жеке құрамы мен Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, заң ғылымдарының докторы Жамаладен Ибрагимов, Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу ақпараттық-ағартушылық пул спикері Жомарт Абишев және Жастар мен балалар одағының өкілі, ұйымдастырушы Қуаныш Сүлеймен қатысты.

Жамаладен Ибрагимов Еуропа мен Азияның алдыңғы қатарлы елдеріндегі сыбайлас жемқорлықпен күрес әдіс-тәсілі жайлы баяндады.

Шетелдегі жемқорлықпен күрес жолдары жайлы айта отырып, тәжірибелерін мысал етті. Сонымен қатар мемлекеттік қызметкерлердің қызмет барысындағы туған-туысымен қарым-қатынасы жайлы айтылды. Мұндағы басты мақсат – елордада парасат идеологиясын ілгерілету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Ал Жомарт Абишев заңсыз іс-әрекеттің қазақы танымдағы түсінігі жайлы сөз етті.

– Ұят пен ар сөздері – синоним. Бірақ екеуінің салмағы екі түрлі. Ұят арды оятады. Арлы азамат қоғамға жат, адамға зиян іс-әрекет жасамайды. Ар-ұятты бар қызметкер жемқорлықтан да алыс жүреді, – деді спикер.

№135 (4568) 14/11/2023 Сейсенбі

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшелері елорданың тұрғын алаптарын аралап, 15 қарашада өтетін қоғамдық тыңдауға осы елді мекендердегі мәселелер бойынша ұсыныс жинауда. Алматы, Сарыарқа, Байқоңыр аудандарына қарасты тұрғын алаптардағы рейдтерге, аталған кеңес мүшелерімен қоса, қалалық Білім, Құрылыс, Жер қатынастары басқармалары және аудан әкімдіктерінің өкілдері қатысты.

Райхан
РАХМЕТОВА

13 қарашадағы кезекті рейд кезінде Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Зұлпыхар Ғайыпов бастаған топ Сарыарқа ауданының Агроқалашық, Көктал-1, 2 және Байқоңыр ауданының Өндіріс, Кирпичный алаптарын аралап, белсенді тұрғындардың пікірін тыңдады және елді мекендердің бүгінгі таңдағы өткір мәселелерін білді.

Алдымен бет бұрған Агроқалашық алабындағы ең өзекті мәселе – көше қиылыстарындағы электр сымдарының салбырап тұрғаны және олардың ескі болуы. Аталған алаптың белсенді тұрғыны Светлана Николаевна әкімдік тарапынан көгалдандыру, жарықтандыру, жол салу бойынша нәтижелі жұмыс жүргізілгеніне алғысын білдіре келе, әлі де бірқатар шешілмеген мәселе туралы баяндады.

– Көріп тұрғаныңыздай, К.Байсейітова мен Оқжетпес көшелерінің қиылысында ескі бағаналардың электр сымдары салбырап кеткен. Ол көрген көзге, көше сәнін бұзғаннан бөлек, қауіпсіздікке де нұқсан келтіреді. Оларды, жоғары көтеруден бөлек, жаңарту мәселесі өткір тұр. Бағаналарды ауыстыратын уақыт болған. Одан бөлек, қазір алапта 7 көшеде жарық жоқ. Тұрғындар жарық жиі өшеді деп шағымданады. Сәл жел тұрса, ауа райы қолайсыз кезде жарық өшіп қалады. Газ қазандықтары бізде электр энергиясымен жұмыс істейді. Әрине, сосын тұрғындар шағымдана бастайды, себебі өздері жұмысқа кеткенде үйде қалдырып кететін бала-шағасы газ сөнсе, ештеңе істей алмайды. Барлық бағана ескі. Оның үстіне жер-жерде үзілген сымдар көп жатады. Бұл тұрғындар өмірі үшін өте қауіпті. Әсіресе мектепке жалғыз баратын балалар үшін қорқамыз, – дейді тұрғын алап белсендісі.

Сарыарқа ауданы әкімінің орынбасары Медет Жалпыбаевтың айтуынша, өткен ғасырдың 60-жылдары теміржол салынғанда тұрғызылған бұл бағаналар ЭЧ-8 мекемесіне қарайды. Оны толық АРЭК, яғни Ақмола электр желісін тарату компаниясы құзырына бермей, қайта құруға, жөндеуге ақша бөлінбейді. Қазіргі таңда осы мәселе қаралуда. Одан әрі тексеруші топ Көктал-1 тұрғын алабындағы Urban College алдына келіп, оқу орнының ашылғанына 10 жыл болса да, алдында аялдама жоғын, студенттер басқа көшеге ұзақ жүріп барып, автобуска мінітетінін білді.

Көктал-1 тұрғын алабы бойынша мәселе өте көп екен. Мәселен, кәріз суының қалдықтары «Шарапат» орталығы маңындағы Есіл өзеніне төгіліп



ТҰРҒЫНДАР ТАЛАБЫ ДА, ТІЛЕГІ ДЕ ЕСКЕРІЛЕДІ

жатыр. Мұнда судағы күкірт-сутектің артық мөлшері 45 есе, ауада 5 есе боп кеткен. Бұл деректі биыл 1 ақпанда Сарыарқа ауданы әкімі аппаратының өкілдері анықтаған болатын. Жол бойында Есіл өзеніне белгісіз су ағып жатқан құбырды көрген олар «Қазгидромет» және СЭС өкілдерімен бірлесіп, жедел түрде комиссия тексеруін ұйымдастырып, су мен ауа сынамалары алынған. Химиялық талдау нәтижелері бойынша ауада күкіртті сутегі қалыпты көрсеткіштен 12 есе, әсіресе желді күндері, ал суда 23 есе асып кеткен.

Қазіргі таңда «Астана су арнасы» мекемесі Д.Бабатайұлы-Н.Тілендиев көшелерінің қиылысына орналасқан №179 сорғы стансасына сүзгілер қойып, желдету жұмысын жүргізген. Еңлік-Кебек көшесінде орналасқан №6 сорғы стансасына сүзгі орнату келер жылға жоспарланған. Одан бөлек, құбырдан тұндырғышқа дейін бөлек арна салу жұмысын жүргізу қажет.

Денсаулық сақтау нысандарын сумен, газбен жабдықтау мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Мәселен, сумен қамту бойынша биыл 2 млрд теңге қарастырылған. Қазіргі уақытта Н.Тілендиев даңғылының бас коллекторына жоғары қысымды кәріз бойынша құбырлар тартылуда. Бүгінде 3,2 шақырымның 1,7 шақырымы аяқталған. Одан бөлек, су айдау станциясы алаңында



Тұрғындар көтерген мәселенің бірі – Сұлукөл көшесіндегі «Ақ отау-1, 2», «Көктем» тұрғын үй кешендерін жылумен жабдықтау. Астана қаласының Отын-энергетика кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы Н.Тілендиев даңғылының оңтүстігіндегі (Сұлукөл к-сі, Шұғыла к-сі) бірқатар тұрғын үйді жылумен қамту желілерін салу жұмысын жүргізуді жоспарлап отыр. Жоба мемлекеттік сараптамадан өтті. Құрылыс-монтаж жұмысының сомасы – 377,7 млн теңге. Өтінім биыл мәслихат сессиясында қаралып, жұмыс бірінші жартыжылдықта басталды



сыйымдылығы 200 текше метр болатын екі монолитті темірбетон резервуарлардың қаңқасы тұрғызылып, төбесі жабылды. Ал газбен жабдықтау желілерін жобалау және салу бойынша биыл жобалау жұмысы жүргізілді, енді ЖСҚ дайындап, жүзеге асыру қажет.

Тұрғындар көтерген мәселенің бірі – Сұлукөл көшесіндегі «Ақ отау-1, 2», «Көктем» тұрғын үй кешендерін жылумен жабдықтау. Астана қаласының Отын-энергетика кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы Н.Тілендиев даңғылының оңтүстігіндегі (Сұлукөл к-сі, Шұғыла к-сі) бірқатар тұрғын үйді жылумен қамту желілерін салу жұмысын жүргізуді жоспарлап отыр. Жоба мемлекеттік сараптамадан өтті. Құрылыс-монтаж жұмысының сомасы – 377,7 млн теңге. Өтінім биыл мәслихат сессиясында қаралып, жұмыс бірінші жартыжылдықта басталды.

Д.Бабатайұлы көшесі, 1-үй мекенжайында орналасқан барак үйлерді (10 пәтер) бұзу 3 кезеңге бөлінген. Одан бөлек, Көктал-1 тұрғын алабында осы 3 кезеңге енбеген 12 апатты үй (115 пәтер) бар. Олар – Д.Бабатайұлы, Титов, Қайыңды, Ақсу, Алмалық көшелерінде. Сондай-ақ Сарыарқа ауданында 25 көшені жарықтандырудың жобалық құжаттамасы әзірленуде. Мұнда Көктал-1 ауылынан 8 көше бар. Олар – Бәсіре, Шамшырақ, Найзақоңыр, Алдастан, Сәйгілік, Шортанбай ақын, Абайға 150 жыл және Өркен көшелері. Бірақ қалалық

Жылу-энергетикалық кешен және коммуналдық шаруашылық басқармасы жобалау жұмысын іске асырып жатқан жоқ.

Көктал-2 ауылында жауын-шашынға арналған кәріз жүйесін іске қосу мәселесі сөз болды. Ол үшін Отын-энергетика кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы «Елорда экожүйелері» компаниясымен бірлесіп, қолданыстағы кәріз желісін Ұлытау көшесі арқылы Н.Тілендиев даңғылы бойымен өтіп жатқан орталық желіге апарып қосуы керек екен. Ал газ құбыры бармай қалған 9 мекенжай бойынша ОЭЖК/еКШБ «Диас Проект» ЖШС жобалау ұйымымен 22,4 млн теңгеге келісімшартқа отырған. Бүгінгі таңда бұл жұмыстың 35 пайызы орындалыпты. Алап тұрғындары көтерген тағы бір маңызды мәселе – қаңғыбас ит-мысықты қамап ұстайтын тәлімбақты көшіру. 2019 жылы Н.Тілендиев даңғылы мен №20-1 көшелерінің қиылысында жер көлемі 3000 га, құрылыс алаңы 3920 ш.м болатын жаңа заманауи тәлімбақ салынған болатын. Қазір онда 3000-нан астам ит пен 200-ден астам мысық бар.

Ауылды аралау барысында одан да өзге көтерілген мәселе көп болды. Оқжетпес көшесін Көктал көшесінен Баршын кө-

тың инвестициялық бағдарламасы аясында 2024 жылға жоспарланған. Жалпы саны 300 бағана алмастырылады.

Көкталдықтар бұған дейін құрылысы сапасыз болғандықтан үйлерінің суық екеніне шағым айтқан еді. Олар – Н.Тілендиев даңғылы, 38-үй тұрғындары. Тапсырыс беруші – «ROMUL» ЖШС, бас құрылтай – «KazStroyRegion» ЖШС 2021 жылдың 14 қыркүйегінде пайдалануға берген нысанның еден-қабырғасы ызғар тартып тұрған. Тұрғындардың арыз-шағымы негізінде «ROMUL» ЖШС қабырғаларды жылытқыш материалдармен оқшаулау, пластик терезелерді реттеу және герметикалық резецкелерді ауыстыру жұмысын жүргізді.

Байқоңыр ауданындағы Өндіріс алабында ысырауға жіберілетін үйлер мәселесі бар. Жол мен тротуардың жоғы да тұрғындар тарапынан сөз болды.

– Бәріне ортақ мәселе – жарықпен қамтамасыз ету, жер үйлердегі электр бағаналары және сымдарының жел мен жаңбырлы күні тұйықталуы, соның кесірінен жарық сөніп қалуы. Бұл жердегі тұрғындардың үйлерінің көбі газға қосылған, оның жұмысы электр желісімен тікелей байланысты. Жалпы Астана қаласының өзінің дамуы бойынша Бас жоспары бар, соған сәйкес қала дамып келе жатыр. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, қаланың орталығы мен шет аймақтардағы сәйкессіздікті жою – басты мақсат. Мәселелер бар, соны әкімдікке қарап отыра бермей шешу керек. Жарықтан

басқа кәріз жүйелерінің ескіргені және кей жерлерде жоғы да өзекті жайт. Көбінде септик тұр, оның экологияға зияны бар, – дейді Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Зұлпыхар Ғайыпов.

Өндіріс алабында кеңес кезінен келе жатқан теміржол өткелі бар, әрі-бері халық сол жерден өтеді, бұл проблема 1-2 жылда шешілуі тиіс, себебі Ш.Бейсекова мен әл-Фараби көшелерінде айналма жол салынып жатыр.

– Одан бөлек, бұл жердегі үйлер өткен ғасырдың 60-жылдары салынған, олардың бәрі ысырылады. Халық көптен күтіп жүр. Тұрғын үй басқармасы бойынша ысырылатын үйлер тізіміне осы алаптан 86 үйді кіргізгелі жатыр. Халық рұқсатын беріп отыр. Олардың орнына шаршы метріне сәйкес қала ішінен үй тауып беруі керек, – дейді аталған кеңес мүшесі, Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Мұстафин.

Кирпичныйда көптен келе жатқан мәселе – мектептің жоғы. Бұрын құрылысы басталған №12 мектеп салынып бітпей жатыр. Бірінші мердігер құрылысты уақытында аяқтамай, екіншісі жалғастырған. Жалпы аумағы 350 га алапта 5,5 мыңдай халық тұрады. Жолдарға толықтай тасжол төселген. Мектептен бөлек, алғаш рет жаңа балабақша да салынууда. Екеуі де келесі жылы пайдалануға беріледі. Рейд барысында анықталған мәселелердің бір парасы осындай.



ҚОЛМА-ҚОЛ АҚШАДАН — ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕГЕ

15 қараша күні Қазақстанның ұлттық валютасы – теңгенің айналымға енгеніне 30 жыл толады. Бұған дейін қолма-қол ақшамен есеп айырысу қолжетімді жалғыз нысан болса, қазіргі уақытта заманауи технологиялардың көмегімен жүзеге асатын қолма-қол ақшасыз есеп айырысулар бар. Бірақ болашақ технологиясы, қолма-қол ақша мен банктік шоттардан басқа, Қазақстанның Ұлттық Банкі шығаратын цифрлық теңгедегі есеп айырысулар да болмақ. Қазақстан Ұлттық Банкі Орталық филиалының директоры Әмірбек САНКУБАЕВ газетімізге берген сұхбатында цифрлық теңгені пайдаланудың артықшылығы мен ерекшелігі туралы айтып берді.

– Әмірбек Бөріұлы, цифрлық теңге деген не және оның дәстүрлі – қолма-қол және қолма-қол ақшасыз қаржыдан артықшылығы неде?

– Цифрлық теңге – қолма-қол және қолма-қол ақшасыз есеп айырысу нысандарымен қатар пайдаланылатын ақшаның қосымша нысаны. Қолма-қол ақша сияқты, цифрлық теңгенің жалғыз эмитенті – Ұлттық Банк. Цифрлық теңгені қолма-қол ақшасыз қаражатпен: интернет, мобильді қосымша, QR-код және басқа да танымал технологиялар арқылы төлеуге болады. Негізінде, цифрлық ақша операциялары қолма-қол ақшасыз төлемдерге өте ұқсас, бірақ олардың бірқатар маңызды артықшылығы бар, оның ішінде қарапайым тұтынушылар үшін, мысалы, офлайн төлем төлеу технологиясы қазірдің өзінде мәлім. Сіз қазір сатушының POS терминалы да, сатып алушының мобильді құрылғысы да желіде болуы керек екенін білесіз. Бұл тұрғыда, цифрлық теңге интернетке қолжетімділігі шектеулі өңірлерде ерекше пайдалы болады. Екіншіден, ұлттық валютаның жаңа нысаны банктер мен төлем ұйымдарының жаңа қаржы технологиясы өнімдерін құруға түрткі болады, ал бәсекенің күшеюі әрқашан тұтынушыларға пайда әкеледі.

– Оны кімдер пайдаланады?

– Цифрлық теңгені пайдаланушылар жеке және заңды тұлғалар болады. Айта кету керек, цифрлық валюта барлық тұтынушы үшін көтерме, банкаралық деңгейде қолжетімді болуы мүмкін. Бүкіл әлемде Орталық банк шығаратын көтерме цифрлық валюталар өте перспективалы технология ретінде зерттелуде, өйткені халықаралық төлем кезінде делдалдар санының азаюына байланысты және бұл технология дәл осыған бағытталған, халықаралық есеп айырысулар айтарлықтай арзандайды, бұл тағы да қаржы қызметін тұтынушылар мүддесі үшін пайдалы, мысалы, импорттаушы мен экспорттаушы үшін. Ұлттық Банктің мәлімдемесі бойынша цифрлық теңге мемлекеттік сатып алуларда пайдаланылмақ.

– Сіздіңше, мұның артықшылығы неде?

– Ақшаның цифрлық форматын енгізу мемлекет деңгейінде бірнеше мақсат үшін өзекті. Біріншіден, бұл жаңа қаржы өнімдерін құру есебінен қаржы нарығындағы бәсекені арттыруға мүмкіндік береді. Маңыздысы, цифрлық теңге, атап өткеніміздей, интернетке қосылмай төлем жасау мүмкіндігінің арқасында өңірлер арасындағы цифрлық алшақтықты еңсерудің басты құралының бірі бола алады. Цифрлық теңгені енгізу қаржы делдалдарының санын қысқарту есебінен халықаралық төлемдерді жеделдетеді және арзандатады деген болжам бар. Цифрлық ақшаны енгізу артықшылығының арасында мемлекеттік шығындардың ашықтығын арттырудың тағы бір тәсілінің пайда болуын атауға болады.

– Сіздің ойыңызша, цифрлық ақша есеп айырудың басқа түрлерін, атап айтқанда, қолма-қол ақшаны толығымен алмастыра ала ма?

– Ұлттық Банк 2021 жылдан бастап цифрлық теңгені әзірлеп келеді және қорытындылар жариялануына қарай біз цифрлық теңге қолма-қол ақшадан



немесе қолма-қол ақшасыз есеп айырыудан бас тартуды көздемейтінін бірнеше рет мәлімдеді, ол қосымша нысан ретінде қатар пайдаланылады. Қолма-қол теңгеге келетін болсақ, олар, әрине, айналымда болады. Адамдар өзіне ұнайтын есеп айырысу нысанын өзі таңдай алады.

– Қолма-қол ақша – әмиянымызда, қолма-қол емес ақша – карточкаларда немесе банктердегі шоттарда, ал цифрлық ақша қайда сақталады?

– Ұлттық Банк қазіргі уақытта жеке тұлғалармен жұмыс істемейтінін және болашақта да жұмыс істемейтінін атап өтейін. Қарапайым тұтынушылар барлық операцияны, төлемдер мен аударымдарды екінші деңгейдегі банктер мен төлем ұйымдары арқылы, яғни әдеттегі арналар арқылы жүргізеді. Естеріңізге сала кетейін, қазіргі уақытта Қазақстанда екінші деңгейдегі 21 банк жұмыс істейді.

Сұрағыңызға қайта оралсақ, цифрлық ақша әмияндарда да сақталады, бірақ тек цифрлық түрде. Цифрлық әмиянды пайдаланушының мобильді құрылғысында немесе онлайн-банкте орнатылған банктің мобильді қосымшасы арқылы ашуға болады. Бұл жағдайда екінші деңгейдегі бір банкте бір ғана әмиян ашуға рұқсат. Бірақ егер тұтынушы оларды әртүрлі банкте ашуды шешсе, мұндай әмияндардың бірнешеуі болуы мүмкін. Бұл банктер арасындағы бәсекені күшейтеді, бұл қызметті жақсартып, банктердің өнім желісін кеңейтуі керек.

– Қазақстандықтар цифрлық теңгені төлем құралы ретінде қашан пайдалана алады?

– 2021 жылдан бастап Қазақстанда «Цифрлық теңге» қанатқақты жобасы іске асуда. Былтыр Ұлттық Банк нарық қатысушыларымен, сарапшылар қауымдастығымен және халықаралық серіктестермен бірлесіп, цифрлық теңгені енгізу қажеттілігі туралы зерттеуді аяқтады. Жарияланған нәтижелерге сәйкес, цифрлық теңгені үш кезеңге кезең-кезеңімен енгізу туралы шешім қабылданды: барлығы 2025 жылдың соңына дейін. Жобаның алдыңғы кезеңдері барлық азамат үшін төлем құралы ретінде цифрлық теңгені пайдалануға ғана бағытталды. Қазіргі уақытта банкаралық есеп айырысулар және бағалы қағаздармен операциялар сияқты көтерме, ауқымды операциялар бойынша есеп айырысулар үшін цифрлық теңгені қолдану мәселелері талқылануда.



ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА АЙНАЛЫМҒА ҚАШАН ЕНДІ?

Ұлттық валютаны айналымға енгізу жөніндегі мемлекеттік комиссия 1993 жылғы 3 қарашада құрылды. Оның құрамына Үкімет басшысынан бастап министрлер кірді. Мемлекеттік комиссия ұлттық валютаны айналымға енгізу жөніндегі жұмыс тобын құрды, оған Д.Сембаев басшылық етті. Комиссия қызметінің жұмысын республика Президенті тұрақты түрде бақылап отырды. 1993 жылғы 12 қарашада Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын айналымға енгізу туралы» Жарлыққа қол қойды. Ал 15 қарашадан бастап теңге еліміздегі жаңа ақша бірлігіне айналды.

БАНКНОТТАР ФАБРИКАСЫ ҚАЛАЙ АШЫЛДЫ?

Алғашқы банкноттар Англияда басылып шықты. Қаражатты үнемдеу үшін өндіріс орнын жаңадан салғанша, «Гидромаш» АҚ зауыты корпусының бірін банкнот өндірісі талаптары бойынша қайта жаңарту туралы шешім қабылданды.

1995 жылғы 19 мамырда банкнот өндірісіне қажетті база құрылғаннан кейін, Банкноттар фабрикасы ресми түрде ашылды. Сол жылы 83 миллионнан астам, бір жылдан кейін 104 миллионнан астам банкнот шықты. Сөйтіп, Банкноттар фабрикасының өнімділігі жобаланған мөлшерге жақындады. 1997 жылы Банкноттар фабрикасы Қазақстан Республикасы азаматтарының паспорты мен жеке куәлігін шығара бастады.

Жинақталған тәжірибе мен көпжылдық жұмыстың арқасында қазір Банкноттар фабрикасы өзінің полиграфия базасында банкноттар шығару ісін толығымен жолға қойды. Банкноттар сала мен технологияның барлық әлемдік стандартына жауап береді.

Ұлттық валюта монеталарына тоқталар болсақ, Қазақстан монета сарайы 1992 жылы Өскемен қаласындағы Үлбі металлургия зауытының базасында құрылды.

Айналымдағы монеталардың алғашқы өндірілген партиясы 1993 жылы Қазақстан монета сарайында шығарылды. Кәсіпорын түсті металдардан, алтыннан және күмістен ұлттық валюта монеталарын шығаруға байланысты Ұлттық Банктің тапсырысын орындайды. Бұлар – айналымдағы әртүрлі номиналдағы монеталар, естелік, коллекциялық монеталар. Соның ішінде диаметрі 100 мм және салмағы 2 килограммға дейінгі proof сападағы бағалы метал-

дардан жасалған бірегей бұйымдар да бар. Монета сарайы сонымен қатар мемлекеттік наградалар мен медальдар да шығарады.

Қазақстан монета сарайы Монета сарайлары қауымдастығына мүше. Бұл қауымдастыққа Англияның Корольдік монета сарайы – Royal Mint сияқты мыңжылдық тарихы бар, саланың флагманы саналатын монета сарайлары мүше. Қазақстан монета сарайында алыс-жақын шет мемлекеттердің тапсырысымен де монеталар әзірленеді.

НЕГЕ «ТЕҢГЕ» ДЕП АТАЛДЫ?

Ақпарат және коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банк баспасөз қызметінің мәліметіне сүйенсек, «теңге» атауы «денге» немесе «таньга» сөзінен шыққан. Бұл – орта ғасырдағы түркі күміс монеталарының тарихи атауы. Бұл атауды академик Сауық Төкежанов ұсынды. Қазақстан теңгесі – әлемдегі ең жақсы қорғалған валютаның бірі. Номиналы 20000 болатын Қазақстан банкноты ең жақсы қорғалған теңге банкноты саналады. 2022 жылғы 1 қазанда айналымға шыққан – қорғаныс 20000 теңге болатын банкноттың 25 қорғаныш элементі бар және сұр түске басымдық берілген. Әлемде алғашқылардың бірі болып осы элементті ақша белгілеріне енгізу, ұлттық валютаның дизайнын жетілдіру, жалпы теңгеде озық технологияларды пайдалану – қорғаныс қасиетін күшейтуге байланысты тұрақты жұмыстың бір бөлігі.

Халықаралық банкнот қоғамдастығы (International Bank Note Society) 3 жыл қатарынан, 2011 жылдан 2013 жылға дейін қорғаныш элементіндегі қайталанбас дизайн мен ұтымды шешім үшін

Қазақстан банкноттарын әлем бойынша үздік деп таныды. Бір елдің 3 жыл қатарынан марапат алуы 1961 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан ұйымның тарихында алғаш рет болды. Жалпы Қазақстан банкноттары әлемдегі ең жақсы қорғалған әрі әдемі банкноттың бірі ретінде халықаралық аренадағы 6 марапатқа ие.

Халықаралық сарапшылардың пікірінше, Қазақстан монеталарында ежелгі монета соғу дәстүрі мен заманауи технологиялар сәтті үйлесім тапқан. Айналымдағы монеталар да коллекциялық монеталар сияқты кәсіпқойлар мен коллекционерлердің жоғары бағасын алған.

Қазақстан монеталары әлемдік каталогтарға енген, нумизматикалық құндылыққа ие, хикая мен аңызға толы, әрқайсысының өзіндік орны бар. Бүгінде олардың кейбірі, мысалы, алты мың дана тиражбен Абай Құнанбаевтың туғанына 150 жыл толуына орай соғылған күміс монета тек отандық қана емес, әлемдік нарықта да, расымен, сирек кездеседі. Сонымен қатар «Петроглифтер», «Қызыл кітап» сериясындағы монета коллекцияларына, «Әлемдегі ең кішкентай алтын монеталар» сериясындағы алтын монеталарға, сондай-ақ FIFA халықаралық ұйымы және Афина, Туриндегі олимпиадалар үшін Халықаралық олимпиада комитеті тапсырыс берген спорт сериясының монеталарына сұраныс айтарлықтай өсті.

Әрине, «теңге бағамы қашан тұрақталады?» деген мәселе отандастарымызды терең мазалайды. Жалпы алғанда, «қазіргі бағамның құбылып тұруы – әлемдік дағдарыс кезінде қалыпты жағдай» дейді сарапшылар. Сондай-ақ, мамандардың пікірінше, теңге құнының әрі қарай қатты әлсіреуіне негіз жоқ.

Енді есетті қараңыздар, Қазақстан жоғары жетістіктер спортына бюджеттен 775 миллион доллар бөліп отыр. Мынау не масқара? Халық кедейшіліктің құзына құлап жатқанда, спортқа 775 миллион доллар бөлу сау адамның ақылына сыя ма? Ең сорақысы, қисапсыз ақша бөлсек те, жеткен жетістігіміз жоқ. Мысалы, 2021 жылы Токиода өткен жазғы Олимпиада ойындарында Қазақстан құрамасы бар-жоғы 8 қола медаль иеленіп, 92 мемлекеттің ішінде 83-орын алды. Сонда әлгі 775 миллион долларға жеткен жетістігіміз осы ма? Енді салыстырып айтайын, жоғары жетістіктер спортына 41 миллион доллар бөлген Нидерланды Токиодағы олимпиадада 10 алтын, 12 күміс, 14 қола медаль алды. Ал жоғары жетістіктер спортына 46 миллион доллар бөлген Дания Токиода 3 алтын, 4 күміс, 4 қола медаль алды. Біз 775 миллион долларды спортқа бөліп, 8 қоламен келдік.

Жуырда Қытайда өткен Азия ойындарынан 11-орынмен оралғанымызды және қосыңыз бұған. Бұл – бір. Екінші мәселе, Қазақстандағы спортқа жауапты министрлік 180-нен астам спорт түрін ресми тіркеп, оған бюджеттен қыруар ақша бөліп отыр. Соның тек 50-ге жуығы ғана жазғы Олимпиада ойындарының тізіміне енген. Қалған 100-ден астам спорт түріне министрлік не үшін бюджеттен қаржы бөледі, Германия 18 спорт түріне қазынадан ақша береді, ал көршіміз Өзбекстан тек 17 спорт түріне бюджеттің қаржысын жұмсайды. Біздікі не шашпалық? Қазақстан қазынадан ақша беретін 180 спорт түрінің ішінде пенкасиат, спорттық балық аулау, биатл, триатл, петанк, текбол, унифайт, чирлидинг дегендер жүр. Бұл атауларды бұрын естігендер бар ма өзі? Айтпақшы, Қазақстанның бюджетінен қаржы бөлінетін және бір спорт түрі бар, спорт на пилоне деген. Іздеп қараңыздар, министрлік бұған қалай қаржы бөліп отыр деп жаға ұстайсыздар сосын.

Ал Ұлттық спортымыздың халі нешік дегенге келейік. Ұлттық спорт түрлерін қолдауға 2024 жылға бар болғаны 10 миллион 460 мың теңге бөлу жоспарланған. Өте аз. Мұны қалай түсінуге болады? Ол аздай, қазақ күресін мазақ қылып турнир ұйымдастырып, оны жаһанға жариялап жүргендер және бар.

Тағы бір мәселе, Туризм және спорт министрлігінің бюджетін қарағанда құжаттың 311-бағдарламасында жеке және заңды тұлғаларға, оның ішінде шаруа, фермер



СПОРТҚА БӨЛІНГЕН МИЛЛИОНДАРҒА КІМДЕР БАЙЫП ЖАТЫР?

«Спорт – денсаулық кепілі» дейміз әлімсақтан, бірақ Қазақстанның спортына бөлінетін қаражат денсаулықтың емес, бәзбіреулердің шексіз баюының кепіліндей көрінеді маған. Мемлекет басшысы жуырда спортшылармен кездескенде былай деді: «Кәсіби спорттағы жоғары жетістіктің болмағаны мемлекеттен бөлінетін қаражаттың нәтижесіз жұмсаудың, бюджетті жан-жаққа шашудың себебінен».

қожалықтарын субсидиялауға 54 миллиард теңге қарастырылыпты. Министрлік шаруа қожалықтары мен фермер қожалықтарына не үшін қаражат бермекші? Бұл сауалды комитет отырысында қойдық, бірақ жауап ала алмадық.

Ұсыныстар:

Біріншіден, министрлік бекіткен 180 спорт түрін шұғыл қысқарту қажет. Мемлекет басымдық беретін бағыттарда олимпиадалық, ұлттық, одан кейін пара және сурдлимпиадалық спорт қалуы тиіс. Олимпиадалық спорттың барлығы бірдей жеміс беріп жатқан жоқ. Сондықтан сараптама жасап,

жүлде әкелетін түрлеріне ғана басымдық беру керек.

Екіншіден, кәсіби спорт клубтарына берілетін ақшаны шектеу қажет. Мысалы, «Астана» футбол клубы, «Барыс» хоккей клубы, «Астана» баскетбол клубы мен «Астана» велокомандасына жылына «Самұрық-Қазынадан» 65 миллион доллар бөлінеді. Бұл – асып-тасу. Түптеп келгенде, ол ақша – «Самұрық-Қазынаның» емес, халықтың ақшасы.

Үшіншіден, легионерлерге бюджеттің есебінен айлық төлеуді тоқтату керек. Неге біз қазынадан шетел спортшысын асырауымыз керек? Легионер шақыра ма, оның айлығын демушілердің есебінен

төлесін спорт клубтары.

Төртіншіден, жергілікті спорт федерациялары тікелей орталыққа бағынуы керек. Әйтпесе қазір әркім білгенін істеп кетті. Салдарынан нәтиже жоқ.

Бесіншіден, спорт саласына «мониторинг» деген түсінік енгізу керек. Өйткені құзырлы ведомство аймақтағы жағдайдан бейхабар, тексеріп те бара алмайды. Аталған ұсыныстарды неғұрлым тез жүзеге асыру қажет. Себебі жуырда Париж Олимпиадасы басталады, сол кезде тағы ұятқа қалмау керек.

Нартай СӘРСЕНҒАЛИЕВ,
Мәжіліс депутаты

ШАРА МЕН ІС-ШАРАНЫ ШАТАСТЫРМАЙЫҚШЫ!

Бүкіл өміріміз шара болып кетті. «Қайда-сың?» деп біреуді іздесек, «шарадамын» дейді. «Келе аласыз ба?» деп шақырған адамнан «қайда?» деп сұрасақ, «шараға» дейді. Әріптестеріміз «шараға қатыстым», «шараны жазып беремін» дейді. «Шара» мен «іс-шараны» ажырата алмайтын болдық.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

Айту былай қалып, бәрін «шара» деп жазып жүрміз. Жиналыс та шара, концерт те шара, жай басқосу да шара болып кетті. Тіліміз бұзылды. Өзімізді ғана емес, дүйім жұртты шатастырдық. Не істейміз? Осындайда сөздіктерге жүгінудіміз керек!

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты шығарған «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» (15 томдық, 15-том) былай түсіндіреді:

Шара – зат есім. 1. Сұйық тағамға арналып, ағаштан жасалған пішіні дөңгелек, іші шұңғыл ыдыс. Мысал: Шараға қымыз құйылды. 2. Көздің ұясы, ойдымы (ауыспалы мағ.). Мысал:

«Теңізге мынау қарашы, Жетпейді көздің шарасы. Кеткендей боп тұр ас-тасып,

Аспан мен жердің арасы» (Т.Айбергенов). 3. Бір нәрсенің аумағы, деңгейі (ауыспалы мағ.). Мысал: «Көздің суы шарасынан асып, ернеуі толып кетеді» (қаз. ертегісі).

Көзі шарасынан шықты (қатты қорықты, үрейленді). Мысал: Ағыжанда ес қалмады, жан түршігіп, көзі шарасынан шығып кетті (С.Талжанов, «Ұлдай кегі»). **Шарасынан асты (шықты).** Мысал: Жарасбайға биылғы жыл қай жағынан болса да шарасынан шыққан жыл болып тұр (М.Әуезов, «Қараш-қараш»). **Шарасына түсті** (қалпына, сабасына келді, сыябыр тапты). Мысал: Енді біразда Абай жаңағы ызалы қалпын басып, шарасына түсті (М.Әуезов).

Шара – зат. 1. Белгілі бір жұмысты орындау үшін қолданылатын амал, айла. Мысал: Қиналғаннан, егілгеннен басқа не шара бар менде? (Ә.Әлішев, «Батыр»). **2. Келешекте істелетін іс,**

міндет. Мысал: Жайылымдар мен шабындықтарды жақсарту – кезек күттірмейтін шара (С.Әбдірайымов, «Шөл жайылым»).

Сөздікте бұдан әрі «қандай шараң бар», «қолдан келер шара жоқ», «не шара», «шара бар ма», «шара жоқ», «шара қолданды», «шараң қанша», «шарасы болмады», «шарасы таусылды», «шара таппады» деген сөз тіркестеріне түсініктеме берілген. Осы жердегі шара қолданды дегенге жеке тоқталайық. Екі нұсқасы бар. **1. Жолын тапты, амал істеді.** Мысал: – Шара қолдану керек, уақытты, қаржыны босқа шашуға болмайды ғой, – деді Рахмет (С.Ерубаев, «Менің құрдастарым»).

2. Жазалады, кінәлады, айыптады. Мысал: Бұл көргенсіздікке қолма-қол, үзділді-кесілді тыйым салып, айыпты кісілерге шара қолдануым керек (Т.Бердияров, «Фарида»).

Іс-шара – зат есім. Жүзеге асатын бірқатар амал. Мысал: Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін («Егемен Қазақстан»).

Екі сөзді шатастырмайықшы! Шара қолданылады. Мысал: ысшая мера наказания – ең ауыр жаза. Іс-шаралар әзірленеді, өткізіледі. Мысал: праздничные мероприятия – мерекелік іс-шаралар.

Демек, біз, журналистер, жиын, басқосуды шара демей, іс-шара дейікші! «Іс-шараға қатысып отырмын», «Осы іс-шарада не айтылғанын жазып жіберемін» десек, тіл де бұзылмайды, сауатсыздыққа да ұрынбаймыз. Өйткені шара дегеніміз – орыс тілінде мера. Ал іс-шара дегеніміз – мероприятие. Басқа сөз артық.

Айгүл УАЙС

НЕ ЖЕТПЕЙДІ?!

Осыдан біраз бұрын теледидарда «Бай-бағлан да жылайды» деген мексикалық сериал өтті. Толық мағынасы есімде жоқ, бірақ басты кейіпкердің басынан аяғына дейін жылаумен күні өтіп еді. Қазіргі қазақтың таяқтан көзін ашпаған қорғансыздарының жағдайы осы жайтты тағы еске салады.

аяғын тартпаса, отағасы оңашада не істемейді? Бала-шағасының көрген күнін елестетудің өзі сұмдық.

Отбасы институтының құлдырауын осыдан көреміз. Қоғамның асқынып бара жатқан бітеу жарасы отбасындағы қатыгездік, зорлық-зомбылықты әркімнің жеке басындағы шаруасы деп қарауды тоқтату керек. Бұл отағасы еркектің әлсіздігінің, бейшаралығының, тығырыққа тірелгенінің көрінісі екенін мойындауымыз керек. Осы орайда күйеуі мен әйелінің қарым-қатынасы заң аясында қаралуы қажеттігі бар.

Өкінішке қарай, елімізде отбасы қарым-қатынасын реттейтін заң болса да, оның әрбір мүшесінің міндеті мен құқығын реттейтін нақты құжат немесе дәстүрлі құндылығымызға негізделген ереже жоқ. Ислам тұрғысынан алып

қарасақ та, дәстүрлі ұстанымдар аяқасты болып, елдің санасын улаған түрлі ағымдар мен идеологиялар алдымен шаңырағымызды шайқауда.

Осы жағдайда құқық қорғау органдарының ішкі отбасы кикілжіңіне заң тұрғысында араласуының шегін анықтау керек. Бас жарылып, көз шығып, мүгедек болып жатса да, құзырлы құқық қорғау органдары үшін отбасындағы дау-дамай маңызды емес көріністі сондықтан. Сол себепті бұл іспен арнайы айналысатын арнайы құзырлы орган керек. Бұл орган әйеліне қол көтерген еркектің психикасының қаншалықты дұрыс екенін анықтайтын мамандардан тұруы тиіс. Керек болған жағдайда, психологтар әйел мен зәбір көрген балалардың денсаулығын қаншалықты қалыпты екенін

бағалауы тиіс. Біздің елдегі үкіметтік емес ұйымдардың міндетіне салған бұл жұмыс толық атқарылып жатқан жоқ. Заңдық құзыреті болмаған соң, есі кеткен еркектерді сабасына түсіруге дәрменсіз.

Быттыр Zertteu Research Institute жетекшісі Шолпан Айтеннова Қазақстандағы тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күреске жұмсалатын қаражатты бағалау және талдау үшін зерттеу жүргізіп, «тұрмыстық зорлық-зомбылық жасырын сипатқа ие, зорлық-зомбылық құрбандарының 70-90 пайызы құзырлы органдарға шағымданбайды» деген қорытындыға келген. Басынан тоқпақ кетпеген, отырса опақ, тұрса сопақ болған әйелдердің психикасында өзгеріс болатыны анық. Батылы жетіп жексұрын күйеуінің үстінен арызданбасы да бар.

Жасыратыны жоқ, көп әйелдің қатыгездік алдында қорқа соғатыны белгілі, бір жақсы болуы әлдеқалай, атап айтқанда, ізіне түсіп, күн көрсетпеуі де мүмкін. Осыдан қорқып та үйдегі кикілжіңді сыртқа шығармай, іштен тынады. Ақырында мүгедек болып, арты өлімге де апарып соғады.

Шынын айтқанда, адамдардың дені бір адамның екіншісіне жасаған зорлық-зомбылығын тек таяқ жеу деп түсінеді. Отбасы-тұрмыс қатынасы

аясында бір адамның басқаға қатысты дене зардабын және психикалық зардап келтіретін қасақана әрекеті де осы әділетсіздік екенін білуіміз керек. Тек қана күш көрсету емес, психологиялық, сексуалдық және экономикалық зорлық-зомбылық та әйелді ойландыруы керек. Әсіресе психологиялық зорлық-зомбылық – адамның психикасына қасақана әсер ету, оны қорқыту, қорлау, сондай-ақ психикалық, дене және жеке басы дамуының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу арқылы ар-намысы мен абыройын кемсіту де ауыр қылмыс. Адамды заңмен көзделген құқығы бар тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру да осы қорлықтың бірі.

Адам жүрегі мейірімге толып, жан-жағымен үйлесімді өмір сүре білсе, мұндай заңсыздық орын алмас еді. Мына заманда әйелдерді кінәлайтындар да жетіп артылады. Жаратылысынан еркектерге қарсы тұра алмайтындықтан, әйел барлық жағынан қорғалуы тиіс. Басты қорғанышы – ер-азаматынан жәбір көргенде, құқығы өз жағында екенін білгенде ғана екі жақтың да таразысы тең тартады деп ойлаймыз.

Индира
БЕРЖАНОВА

«Сергек» бейнебақылау жүйесі елімізде 2017 жылы ЭКСПО халықаралық көрмесі аясында іске қосылды. Бүгінгі таңда «Сергек» Қазақстанның 9 қаласында, атап айтсақ, Астана, Алматы, Өскемен, Атырау, Шымкент, Семей, Тараз, Түркістан, Ақтау, сондай-ақ Алматы облысында жұмыс істейді. Республика бойынша 45 мың камера орнатылған. 2022 жылдың соңында қазақстандық өнім Өзбекстанға экспортталып, көрші елдің Нанманг қаласында іске қосылып, осылайша аталмыш жобаға сұраныстың шетелде де бар екендігін көрсетті. Бұл жүйенің жұмыс қабілеттілігін, техникалық қызмет көрсетуін және қолдауын «Көркем Телеком» ЖШС қызметкерлері қамтамасыз етеді. «Sergek Group»-ке қарасты компания құрамында 100-ге жуық қазақстандық IT мамандары мен инженерлері қызмет етеді. Олардың басты көздегені – «ақылды қалалар» жобасы негізінде жаңашыл IT шешімдерді енгізіп, сол арқылы шетелдік бағдарламалық жасақтамаларды импорттаудан бас тарту.

Астанада жолда жүру тәртібін бұзып, алақұйындатып жүрген көлік қатары сирек. Көшелердің көп бөлігінде жылдамдықты асырмайтын тәртіпті жүргізушілер кездеседі. Қоғамдық көліктерге арналған жол бойынан тек автобустар мен таксилерді байқаңыз, басқа көліктер көрінбейді. Жол қозғалысы ережесін өрескел бұзатындар да көзге түсе қоймайды. «Сергектің» негізгі қызметі осы мақсатта жүзеге асады. Егер де сіз жол ережесін бұзсаңыз, камераның «қырағы көзіне» түссіз де, бейнебақылау жүйесі мұны «үн-түнсіз» жазып алады да, көлігіңіздің нөмірін, уақытын, өзіңіздің қимыл-қозғалысыңызды автоматты түрде процессингтік орталыққа жібереді. Ол жерде полиция қызметкерлері заң бұзушылық фактісін тексереді. Жүргізушінің кінәлі екеніне сенімді болса, ол айыппұл салу туралы хаттаманы жібереді. Сондай-ақ қоғамдық орындарда, қаланың қылмысқа бейім аймақтарында, мектептердің жанында, тұрғын үйлердің аулаларында орнатылатын жалпы бейнебақылау камера-



«СЕРГЕК» СЕРГЕКТІККЕ ҮЙРЕТЕ МЕ?

Кез келген қоғамдық саланы цифрлы технологияларсыз елестету мүмкін емес. Елорданың «ақылды қала» келбетін қалыптастыруда қолданылатын жобалар қала тұрғындарына қолайлы орта қалыптастырумен бірге олардың қауіпсіздігіне де ден қояды. Әсіресе, мұндай мақсатты көздеген «Сергек» бақылау жүйелерінің тиімділігі күн сайын артып, астаналықтардың алаңсыз өмір сүруіне жол ашты.

лары қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталады. Содан кейін жолдардың қиылыстарындағы және сызықтық учаскелеріндегі бірнеше камералардан тұратын аппаратты-бағдарламалық жүйелер жолдағы тәртіпті сақтауға негізделеді. Қазіргі таңда елорда көшелерінде 13 мың «Сергек» камерасы орнатылды. Мұндағы 6 мың камера автоматты түрде жолда жүру ережесін бұзу фактісін тіркейді. Ал қалған 7000 камера адам көп жиналатын орындарда орналасқан. «Сергек» камераларын орнату қалалық Полиция департаменті мен аудан әкімдіктерінің өтініші негізінде жүргізіледі. Жоба

іске асырыла бастаған сәттен бері қала көшелеріндегі жол-көлік оқиғасының 43 пайызға төмендеуі байқалды. Оған қоса бейнебақылау камералары құқық қорғау органдарының кезекші бөлімдеріне қоғамдық орындардағы нақты жағдай туралы толық ақпаратпен қамтамасыз етуге қол жеткізуіне мүмкіндік беріп отыр. Жоба авторлары фотобейнетіркеу мен бейнесараптау функциясы бар жүйені де қолданысқа енгізді. Бұл жүйе қаладағы қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, қылмыстың алдын алуды оңтайландыруға бағытталады. Қоғамдық орындардағы қауіпсіздікке келсек, бейнебақылау камераларын пайдалана отырып, полиция қызметкер-

лері қылмыстық әрекеттерді жедел тауып, әкімшілік құқықбұзушылықтарды тез анықтай алады. Қаламыздың жолдарында «Сергек» камералары жылдамдықты, көліктің бағдарламаның қызыл түсіне өтуін, тоқтау сызығын кесіп өтуді, қиылыс алдында дұрыс емес қатарға тұру және тыйым салған жерде тоқтауын тіркейді. Ескертін жайт кептеліс бола қалғанда немесе бағдарламалары градуспен асып кеткенде, жол қиылысына көлік қозғалысын реттейтін инспекторлар келеді. Ал инспектор жоқ көшелерде болған ереже бұзушылықтарды камера процессингтік орталыққа жібергеннен кейін мамандар оны бірнеше қайтара

сүзгіден өткізеді. Егер қоғамдық көлік жолағына түсіп кету немесе тоқтау сызығын басу осы кептеліс кезінде болса, онда ол ескеріліп, айыппұл салынбайды. Алайда «Stop» сызығын алды кептеліс екенін көре тұра қасақана басатындар мен бағдарламаның қызыл белгісі жаңғанына қарамастан, жол қиылысына шығып кететіндерге бұл ескертудің қатысы жоқ.

Жол-көлік оқиғаларының сексен пайызы жылдамдықты шамадан тыс көтергеннен болады екен. Бұған қоса, қала көшелерінде «жол менікі» дегендей көпе-көрнеу жол ережесін бұзып, көпшіліктің ашу-ызасын туғызатын жүргізушілер көбейіп кетті. Ал «Sergek Group» компаниясының баспасөз қызметінің айтуынша, «Сергек» жобасы көлік жүргізушілер арасындағы тәртіптің күшеюіне және өліммен аяқталатын апаттардың төмендеуіне әсер етеді.

«2017 жылы жүйе Астанада іске қосылғаннан бері жол-көлік оқиғаларынан қаза тапқандар саны 43%-ға – 60-тан 14-ке дейін азайды. Дәл осындай

оң нәтижелерге Алматыда да қол жеткізілді. 2020 жылдың қаңтарында «Сергек» жүйесі енгізілгеннен бері қаза болғандар саны 65%-ға, 161-ден 57 адамға дейін төмендеді. Шымкентте бұл көрсеткіш (2020-2022 жылдары бойынша) 57-ден 38-ге төмендеді.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында «Сергек» жүйесінің қосқан үлесі де зор. Осылайша, Астанада қоғамдық орындардағы қылмыс 67%-ға – 16 093-тен 5349 төмендеген. Басқа қалалардағы көрсеткіштер де оң нәтижеге ие: қылмыстар мен әкімшілік құқықбұзушылық фактілері Өскеменде 42%-ға, Атырауда 37%-ға азайған. Нақты мысалдар келтірсек, «Сергек» жүйесі арқасында жоғалған қыз табылып, көлікті өртеп жіберген қылмыскер ұсталып, есірткінің астыртын зертханасын анықталған жайттар баршылық» дейді баспасөз қызметі.

Ал Астана қаласының Полиция департаментінің ресми мәліметі бойынша 2023 жылдың 10 айында «Сергек» бейнебақылау жүйесі бойынша 815 мың 641 әкімшілік құқықбұзушылық тіркеліп, жалпы сомасы 7 млрд 551 млн 453 мың теңге айыппұл салынды. Айта кететіні, «Сергек» камералар келесі құқықбұзушылықтарды анықтайды:

- Жылдамдықты асыру;
- Қоғамдық көліктерге арналған арнайы жолақпен жүру;
- 3.27 «Тоқтауға тыйым салынады» белгісінің талаптарын бұзу;
- 3.4 «Жүк автомобильдерінің жүруіне тыйым салынады» белгісінің талаптарын бұзу;
- көше қиылысына дейін ҚР ЖҚЕ 1.1 жол таңбасының талаптарын сақтамау;
- тоқтау сызығын кесіп өту;
- көлік құралдарының жол бөлігінде орналасуы;
- бағдарламаның тыйым салынған белгісіне өту.

Айыппұл алған көлік иесі айыппұлдың egov.kz электронды үкімет порталы арқылы онлайн, кассада немесе HandyPay, MyPay, homebank.kz, Қазпочта АҚ, Kaspi.kz мобильді қосымшалары арқылы төлеп, тексере алады. Құқықбұзушылықпен келіспеген жағдайда, азаматтар қалалық Полиция департаменті Әкімшілік полиция басқармасының call center арқылы тел: 1-69-77, 67-75-75, WhatsApp 8-778-388-5839 немесе «egov.kz» арқылы жаз-баша түрде шағымдана алады.

ҚҰНАН ҚЫМЫЗ ҚАНДАЙ ҚЫМЫЗ?

Күні бүгін қазақтың өткен дәуірдегі тұрмыс-тіршілігінің арқауы үзілмегенімен, заманға сай көп нәрсенің көмескі тартқаны, әсіресе, ұлттық дәстүрден қол үзіп қалғанымыз рас. Мұны тілімізден аңғаруға да болады.

Бүгінгі таңда тұрмыс-тіршілікке, салт-санаға байланысты айтылатын көптеген сөз бен сөз тіркестерінің мағынасын жастарымыз түгілі, жасамыстарымыздың өздері түсіне бермейді. Мұнымызды мойындамай, сол тіркестің мағынасына сөз ыңғайына қарай өзімізше тон пішіп, бұра тартып түсіндіріп, қателікке ұрынамыз. Өйткені ол сөздің, сөз тіркесінің мағынасын түсінбегенде немесе дау туа қалғанда жүгінетін қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінің өзінде қате түсінік өріп жүр. Әлгі «ет шірісе тұз себесің, тұз шірісе не себесіңнің» өзі. Өйткені сөздікті құрастырып отырғандар қарапайым қояқ емес, тіл білімінің дөкейлері ғой. Айталық, «аланан бәйге» деген сөз тіркесін сөздікте «аты, құнаны, тайы аралас жаппай жарыс» деп түсіндірген. («Қазақ әдеби тілінің сөздігі» I том Алматы,

2011, 360-бет) Күлмей көріңіз, жуан ат пен тайды жарыстыру мүмкін бе? Сол сияқты киіз үйдің қазан жағын – «ауыз үй» деп түсіндірген (дұрысы - киіз үйдің есігінен кіргендегі оң қол жақ, қазан, ыдыс-аяқ тұратын жақ. От жақ деп те айтылады). Ал «ұшқыр» сөзіне «жүйрік ат» деген түсіндірме берген. Ұшқыр ат дегеніміз – жай жүйрік ат емес, алысқа шаппайтын, топтан алғашында суырылып алға шыққанымен, тез болдыратын тапберме жүйрік ат екенін қырда өскен қарапайым қазақ біледі. Мұндай қателіктің аталмыш сөздіктен мыңын санауға болады.

Ал енді тілге тиек етіп отырған қымыз атауларына келейік. Қазақ қымызды сапасына, күштілігіне байланысты «құнан қымыз», «дөнен қымыз», «бесті қымыз» деп бөледі. Аталмыш сөздікте құнанның үш, дөнненің төрт,

бестінің бес жасар жылқы екеніне негіздеп: «Құнан қымыз – екі тұн асқан күшті қымыз», «дөнен қымыз – төрт түнеген қымыз», «бесті қымыз – бес күн сақталған, бабына келген қымыз» деген түсінік берген. Бұлар да – жоғарыдағы сөздің жеке тұрғандағы мағынасына қарай тон пішу.

Қазақ қымызды тойға, асқа мол мөлшерде апару үшін ғана бірнеше күнге жинап сақтайды. Әйтпегенде бүгінгідей вакуумдік технология жоқ заманда қымызды ұзақ сақтай алмаған. Қымыз ұзақ сақтаған сайын сапасынан белгілі дәрежеде айырыла береді. Ал «құнан», «дөнен», «бесті» деген атау – жоғарыда айтқанымыздай, сапасына, күштілігіне байланысты берілген атау. Қымыздың сапасы сақталған уақытымен емес, бір тәуліктік бабымен (қор мөлшері, сабаның сапасы, пісу мерзімі, жылу сәйкестігі, түрлі қоспа



т.б.) айқындалады. Басқаша айтқанда, қымызды спиртті ішімдік ретінде арақ, шараппен салыстырсақ құнан, дөнен, бесті анықтамалары градус өлшеміне сай келеді. Ал қымыздың тіл үйретін дәмділік қасиетін немесе жағымсыз қырын анықтайтын сары қымыз, бал қымыз, уыз қымыз, шағырмақ қымыз, таптал қымыз, түнемел қымыз дейтін де атаулар бар.

Сөздікте дәйек сөздер Д.Керімбаевтың «Жылқы өсіру» атты кітабынан алыныпты. Керімбаев та қателескен. Тағы

бір дәлел сөздікте ақын, жазушылардың шығармаларынан алған қымызға қатысты үзінділерде бұл атаулардың мағынасы түсіндірілмеген. Мәселен, дәйексөз ретінде Жамбылдың «Орта жүздің ішкені құнан қымыз, дөнен қымыз, ұлы жүз көженің қоюына өкпелейді» деген төмсіл сөзін алған. Бұл жерде қымыздың неше күн сақтағаны емес, орта жүздіктердің сапалы қымыз ішетінін айтып отыр. Әрине, сөздің қисынына жүгінсек, құнан қымыз дегеніміз орташа дәрежеде ашыған, дөнен

қымыз – қалыпты жақсы ашыған қымыз (Құнанның, дөненнен, дөнненің бестіден шалымды келетіні аян). Ал бесті қымыз – өте күшті ашыған қымыз. Бесті қымызды мөлшерден артық ішкендер мас болып та жатады.

Қымызды ашыту үшін кешегі ашыған қымыздың белгілі мөлшерін саба түбіне қалдырып, жаңа сауылған сауалды соның үстіне құятынын, ашытқы ретінде саба түбінде қалған аз қымызды «қор» деп атайтынын білеміз. Алайда күзде бие ағытылған соң келесі жаздағы «қымыз мұрындыққа» дейін қорды қалай сақтайтынын біле бермейміз. Тіл мамандары мен салт-дәстүр зерттеушілер қорды «сірге жиярдағы жақсы ашыған қымыздың өте аз мөлшерін сұйық қалпында сақтайды» деп жазып жүр. Оны да жоққа шығармаймыз, тіпті бүгінгі таңда сауалға арақ құйып ашытатындар да бар. Алайда байырғы заманда қорды жаңа, таза ақ киіздің қырдағына сіңіріп, келтіріп сақтаған. Өкініштісі, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «қырдағын» атауының өзі жоқ. Міне, тіліміздің байлығын, дәстүр-салтымыздың озықтығын айтып тауыса алмаймыз. Тек өмірде игеруіміз кемшін.

Бодаухан ТОҚАҢҰЛЫ,
журналист

№135 (4568) 14/11/2023 Сейсенбі

**ЗАМАН АҒЫНЫНА
ІЛЕСУ – МІНДЕТ**

– Өз қатарластарыңыздан әлеуметтік желідегі белсенділігіңізбен ерекшеленіп жүрсіз. Көбінесе «сөз мырзамен» сырласып, қоғамның өзекті мәселелерін қозғайсыз. Бұл сөздің қадірін түсінбейтін ұрпақтан түңілу ме, әлде ішкі сыр-шерді сыртқа шығарудың жолы ма?

– 2016 жылдың күз айында желіге тіркеліп, өз ойымды ортаға сала бастадым. Бірақ ойдың бәрі өтімді, жазбаның бәрі оқылмды бола бермейді. Сосын әрі қысқа, әрі нұсқа болатын ойбаянның жаңаша жеткізу формасын ойлап тапқымы келді. «Сөз мырзамен сырласу» сондай ішкі түйсіктің жемісі! Мұндағы қысқа қайырманы оқыған оқырман өзіне керекін алады, керексіз десе, өз еркі өзінде...

Жақында топтап байқасам, толық бір жинаққа жетерлік еңбек болыпты, «соны жеке кітап етсеңіз екен» деп өтініш айтушылар көп, оның да сәті келер (күліп).

– Желде досыңыз Мейрамбек Төлепбергемнен хат алмасып, түрлі тақырыпты қозғап, Шерхан Мұртаза мен Камал Смайылов салған ізді жалғастырып, жаңғыртып жүрсіздер. Бүгінгі қоғамдағы ең өзекті мәселе не? Жалпы Тәуелсіздік алғалы ұтқан тұсымыз, ұтылған жеріміз қандай? Аражігін ажыратып, тарқатып берсеңіз.

– Қатарлас, замандас, қанаттас азаматтардың бір-бірімен хат арқылы ой бөлісуі мен іштегі бұғы жатқан сырды кезекпе-кезек баян етуі – әлемдік практикада бар үрдіс. Арыға бармай-ақ, күні кешегі Шерхан мен Камал ағалардың бір-біріне жазған хат-жауаптары үлгі.

Ал Мейрамбек Төлепбергем досым екеуміз бір-бірімізге хат жазыса бастағанда «жеке басты дәріптеп», өзімізді өзіміз әйгілеу туралы ойлаған да жоқпыз. Оның да, менің де азды-көпті жазған, кітап болып шыққан, кезінде бағасын алған әдеби-тарихи еңбектеріміз бар. Бір әңгіме үстінде екеумізді де талайdan толғандырып жүрген қоғамдық мәселелер кейде кептеліп қалғанын байқадық та, қолға қалам алдық. Екеуара жазысқан хаттар саны осы кезде отызға жақындап қалды-ау. Әрбіреуінде қазіргі қазақ қоғамындағы әбден пісіп, толғағы жеткен, айтпасақ болмайтын, өзінше маңызды, кесек-кесек мәселелер қозғалады. Өкінішке қарай, хаттарымыз тек әлеуметтік жарияланушы келеді. Ешбір қазақ басылымы оларды жариялайық деп ұсыныс жасамады. Қаламақы сұрайды деп қашақтады ма, басқа себебі бар ма, кім білсін?

**РУХАНИ БАЙЛАНЫС
АРТА БЕРЕДІ**

– Енді өзіңіздің шығармашылық шеберханаңызға үңілсек. Соңғы жылдары еңбектеріңіз түрік, башқұрт, орыс және тағы басқа тілге аударылып, кітаптарыңыз таралуда. Осы жөнінде тоқталсаңыз.

– Көркем шығарма қай жағынан алып бағамдап қарасаң да, шектеуге көнбейтін, шекараны білмейтін, жер жүзіндегі барша адамзатқа ортақ рухани қазына ғой. Әлбетте, жақсы жазылған, жұмырбастыға айтары бар, ойыңа ой қоса алатын, күнды, көркем туынды жайында айтып отырмын.

Сосын да біз, біздің толқын, өткен ғасырда да, осы ғасырда да әлемдік классиканы іздеп оқып, тамсана дәмін татып, қиялымызға неше түрлі тосын ойларды қонақтатып,

ЕҢ АУЫР ДЕРТ – САНА ДЕРТІ

ЖАЗУШЫ-ДРАМАТУРГ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ ЖОЛТАЙ ЖҰМАТТЫ «ҰЛТ ҰПАЙЫ» МІНБЕРІНЕ ШАҚЫРЫП, ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДА ҚАЛЫПТАСҚАН МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ЖАЗУШЫНЫҢ КӨЗІМЕН ҚАРАП КӨРДІК.



жан әлемімізді байыттық. Мысалы, мен өзім көркем әдебиет жайында келелі әңгіме қозғала қалса, оны Бальзаксыз, Хэмингуэйсіз, Джек Лондонсыз, Акутагавасыз, Кафкасыз, Толстойсыз, Достоевскийсіз, Тургеневсіз, Әуезовсіз, Айтматовсыз елестете алмаймын.

Әлбетте, еліміз өз тәуелсіздігін алған соңғы отыз жылдан астам уақыт аралығында біз алыс шетел тұрмақ, жақын жатқан қандас туыстарымыз – түрік, әзербайжан, өзбек, қырғыз, түркмен, қарақалпақ елінің замандаас ақын-жазушыларының есімін еміс-еміс естігеніміз болмаса, жазып бітірген жаңа туындыларымен оқып-таньсу тұрмақ, не жазғанын біле бермейміз.

Біліміз келсе де, қайдан және қалай оқи аламыз? Кітаптар бізге жетпейді, мерзімдік басылымдардың кесек-кесек шығарманы басуға мүмкіндігі жоқ. Әлеуметтік желідегі роман-повестер жариялана ма? Міне, осындай себеп салдарынан арыны қойып, қаны мен тілі жақын, жағалай жатқан туыстас елдер арасындағы әдеби-мәдени байланыстың күрт үзілгенін байқайсыз.

Енді сұрағыңа тікелей жауап берейін. Менің соңғы 10 жыл көлемінде «Ащы да тәтті өмір» деген жалпы атаумен жазылған бірнеше романым бар, соның ішінен екі қысқа романым – «Олигарх және олимп» пен «Интердад» орыс тіліне аударылып, 2020 жылы Мәскеудің «Художественная литература» баспасында басылды. Бұл кезде әлем көмидтің құрсауында-тұғын. Осы себепті кітаптың таныстырылымын өткізу мүмкіндігі болмады. Арада бір жыл өткенде башқұрт халық жазушысы Флюр Ғалымов (шығармалды орыс тіліне аударған) хабарласып, «сенің екі романыңды түрік тіліне аударатын тәржімашы табылды, өзі түрік азаматы, Уфада тұрады, аты-жөні – Өзжан Перска. Қарсы емессің бе?» деп сұрады. Қалай қарсы болайын, келісім бердім. Өзжан екі қысқа романды жылдам аударып, оны Түркияның «Бенгю» баспасына (басшысы – Якуб Өмірғалы) жолдадық. Кітаптың түрікше басылып шығуына Түркиядағы қазақ елшілігі қолдау көрсетті. Сөйтіп, 2021 жылы жоғарыда аталған екі романның басы біріктіріліп, жеке кітап болып шықты. Ал 2022 жылы менің бір топ шағын әңгімелерім мен Әбу Насыр әл-Фараби туралы драма-дилогиям «Махаббат пен өшпенділік кітабы» деген атпен тағы да сол «Бенгю» баспасында басылды. Бұл жолы кітап болып шығуына ТҮРКСОЙ тікелей қол ұшын берді. Кітап шыққан соң, жыл басында халықаралық ұйымның штаб-пәтерінде кітаптың таныстырылымы өткізілді.

Іс-шараны бас хатшы Сұлтан Раев сөз сөйлеп ашып, жаңа кітап таныстырды. Енді таяуда ғана Башқұртстанның бас шаһары – Уфаға барып қайтқан жағдайымыз бар. Бұл елде «Бақидан келген келіншек» пен «Жатпланета-лық жігіт» (Бастард) атты екі қысқа романымыз башқұртша (тәржімалаған башқұрт қаламгері Факил Мұрзакаев) аударылып, кітап болып шыққан-ды. Уфадағы Мәжит Ғафури атындағы мәдениет-әдебиет музей-үйінде кітаптың таныстырылымы өтті.

Бұл кездесулерде өзіміз туралы ғана емес, қазіргі қазақ қаламгерлерінің озық туындылары жайынан мол мағлұмат беруге тырыстық. Мысалы, біздің «Роман&Драма» әдеби журналының беттерінде алдағы уақытта да башқұрт қаламгерлерінің озық туындыларына кеңінен орын берілетінін жеткізгенде, осы пікірімізді қолдап, «Атандаш» және «Ақ Еділ» әдеби журналының бас редакторлары қазақ қаламгерінің үздік жаңа туындылары жариялауға ниет білдіріп, рухани-мәдени байланысты арттыруға мүдделік танытты. Осындай байланыс арқылы біздің ұлт әдебиетінің қазіргі деңгейі мен тыныс-тіршілігі жайынан көршілеріміз кеңірек біле түсей ме? Бұл үлкен рухани олжа емес пе?

– **Драматургия – күрделі сала. Жазушылықтың осы бағытында өндіріп қалам тербеп жүрсіз. Сіздің соңғы драматургиялық еңбегіңіздің бірі – Абай мен Біржан сал арасындағы рухани байланыс туралы өрбиді. Осы шығарманың идеясын, мән-жайын терең талдап берсеңіз.**

– Сөзсіз, драматургия – өте қиын және күрделі жанр. Содан бөлек, қазақ топырағында саусақпен санарлық қана драматург бар, оның ішінде өнімді әрі сапалы жазып, театр сахнасында қойылымдары үздіксіз жүріп жатқаны мүлде аз. Мені көрермен қай топқа жатқызатынын айта алмаймын, алайда соңғы 20-25 жылда отыздан астам драмалық туынды жазылып, оның жартысына жуығы республиканың әртүрлі драма театрында сахналаныпты және осы күнге дейін жүріп жатыр.

Біржан сал мен хакім Абай туралы жазған пьесам жайында сұрап қалдың, ол жайынан тоқтала кетейін. Шынымды айтсам, Біржан сал ұрпақтарының өтінішіне орай қағазға түсті. Жалпы, Біржан сал туралы да, хакім Абай жайында да қазақ қаламгерлері аз жазған жоқ, жеткілікті деңгейде десе де болады. Бірақ, қай тақырыптың да бұрын жете көңіл аударылмаған, оқырман-көрерменге тосын жаңалық болатын тұсы бо-

лады, соны дөп баса білсең, ол қайтадан құлпырып шыға келеді.

«Біржан едім...» тарихи пьесасын жазуға екі жағдай себеп болды. Біріншісі, тарихта аға Біржан мен жас Абайдың кездескені жайында дерек бар. Тіпті бұл кездесуге ұсынысты Абай жасайды. Ақын сол уақытта Біржан ағасы жайында мольнан хабарлар еді, әндеріне ғашық, үнін естуге асық. Аса сыйлы қонағы етуге ықыласы ауған кез. Тіпті Біржанға арнайы хабаршы жіберіп, асыға күтіп отырғанын аңғартады. Хабар Біржанға жетеді. Тап сол уақытта, бір дерек бойынша, сал Біржан Жетісу жеріне, ақын Сарамен жолығуға дайындалып жатса керек. Сонда да уақыт тауып, Абайдай жас таланттың өтінішін қайтармай, ат басын солай бұрып, аулына соғады және бір күн емес, бірнеше күн қонақ болып, жастанып жатып әңгіме-дүкен құрған деседі. Жас Абайдың өлеңге ғана емес, әуезді әнге деген құштар сезімінің тұтанар тұсы осы кез болар, сірі! Өйткені осы уақыт шамасында: «Құлқтан кіріп, бойды алар, Әсем эн мен тәтті күй...» деп басталатын өлеңін жазыпты.

Пьесада Біржан сал мен ақын Абайдың кездесу сәтін кеңірек көрсетуге тырыстық. Абайдың «енді сідзей әнші қазықта туар ма?» деген сауалына орай, Біржанның «мендей өнші туар-ау, бірақ сендей түйсігі терең, парасаты мол тыңдаушы туар ма?» дейтін атышулы жауаптасын әдеби әдіспен құбылттық. Екі өнер тарланының еңселі образы мен елге үлгі болар биік тұлғасын жаңа қырынан сомдауға тырыстық.

Қысқасы, «Біржан едім...» тарихи драмасында бұрын-соңды айтыла қоймаған жаңа ойлар мен тартымды көріністерді қамтуға тырыстық.

**НЕ ЖАЗСАҢ ДА,
ЖАС КЕЗІҢДЕ ҰМТЫЛ!**

– Қазір қандай туынды жазып жатырсыз? Оның жаңалығы мен идеясы неде?

– Күнбе-күн немесе апта араластап отыра қалып, жаңа туынды жаза беретіндей қаны қайнап тұрған жас емеспіз ғой, алпыс жастың ортасынан ауып, жетпіске қарай аяңдап барамыз. Уақыт бірте-бірте алқынған көңіліңді тежеп, аптығыңды азайтып, бәрін де білдірмей ұрлай бастайды. Жас келген сайын, бойдағы қуат кеміп, еріксіз шаршау деген бір жүк алқымдайтынын сезінесің. Осы ретте мен артымыздан ерген жас таланттарға мынаны айтқым келеді. Не жазсаң да, нені жазғың келсе де, жас кезіңде ұмтылып қал!

20 жыл бұрын «Сана дерті» деген тарихи драма (Нәзір Төрекұлұлы туралы) жазып,

оны марқұм Райымбек Сейтмет ағам Түркістан театрында сахналағаны бар-ды. Қазір оқып қарасам, санадағы сыр-қат деген ұғымға тым атүсті қараппын. Сөзінді тыңдаған болып, бірақ түк түсінбейтін, өз бетінше терең ойлай алмайтын адамдар арамызда майттың қандай қиын болып қураға болады? Адамзат қоғамының түбіне бір жетсе, осы сана сырқаты жете ме деген қауіп күшейіп барады меңде. Ол көзге көрінбейді, көргің келсе де, байқауың өте қиын. Сырты бүтін, іші түтін адамдар. Қазіргі адамдардың санасын, саналық деңгейін түсіну қандай қиын болып кетті, ә?! Осы жан сыздатар кермек тақырыпты өзек етіп, бір көркем шығарма жазсам деп жоспарлағалы қашан! Алла қуат бер, көре жатармыз...

– **Соңғы сұрақ, кейде жазушылардың ғұмырын кезең-кезеңге бөліп, қарастырып жататыны бар. Сіз қаламгерлік жолыңызға көз тастап, кешегі мен бүгіннің арасын салғанда қандай кезеңдерден өттіңіз? Осы жөнінде ойланасыз ба?**

– Жазушының өткен өмір жолын кезең-кезеңге бөлу ғой болар, алайда шығармашылығын кезеңге бөліп-бағындыру қалай болады екен, ә? Қаламгер қандай қоғамда, қандай ортада өссе де, ол өзінің жақсы ма, жаман ба, әйтеуір, бұрқ-бұрқ қайнаған қызулы ойларымен ғұмыр кешеді, жан әлеміндегі түсініксіз тылсыммен тайталасып тіршілік етеді. Не жазса да, нені айтқысы келсе де, кейіпкері үлкен-кіші болса да – өз қиял әлемінде қалықтауға тырысады, адамзат қоғамына биіктен қарауға ұмтылады, солайша, оны өзі де байқамай қалар, жалпы адамзаттық ой қозғап отырғанын сезбеуі де мүмкін.

Біздің ұрпақ екі бірдей қоғамдық формацияны бастан көшрді: Кеңестік кезеңді көрдік, Тәуелсіздікке куанып, осы қоғамды дамытуға атсалысып келеміз. Екеуінің арасы аспан мен жердей. Совет өкіметі жылдарында, қаламгер ретінде айтайын, іштегі аласапыран ойлар мен толғаныстарды амалсыз тежеп ұстап, тым еркінсуге жол бермей, мүмкіндігінше бетін ғана қалқып айтуға тиіс болдық немесе астарлап жеткізуге мәжбүр едік. Соған көндік, көңбеске амал қалмады. Ал соңғы отыз жылдан астам уақытта қайсыбір қаламгер де еркін көсіліп, кеңінен толғап, тереңге сүңгіп, өмірдің аршылмай жатқан құпия-қалтарыстарын қал-қадерінше қопарып тастауға күш жұмсады деуге болады. Біз де солардың ішінде бар шығармыз деп ойлаймын.

Сұхбаттасқан
Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

«БАЙЫТАМЫН» ДЕП АЛДАҒАН БАЙЕРДІ КІМ ҚҰРЫҚТАЙДЫ?

Бұған дейін қаржы пирамидасы мен интернет-алаяқтарға алданғандарды көп еститін едік, қазір «байытамын» дейтін байерлерге барын берген қара халықтың базынасын да тыңдап жүрміз. Түркия, Қытай, тіпті АҚШ-тан арзан бағамен тауар жеткіземін деп алдап кететіндер көбейді. Солардың бірі – Айс Мұртаова. Осы лақап атпен танымал болған байерсымақ жылдар бойы халықтың сеніміне кіріп, сауда жасап, өзін жарнамалап келген. Кейін Қытайдан арзан бағада ыдыс әкелемін деп, елден ірі сомада ақша жинай бастайды. Әрі «қол астымда жүзден астам қызметкер бар, жұмыс жүріп жатыр» деп сен-



діреді. WhatsApp арқылы чаттар құрып, бірнеше ай ішінде шамамен бес мың адамнан ыдысқа тапсырыс алады. Ақшаны өзінің жаны тұстарының жеке шотына жіберуді сұрайды. Осылайша еліміздің әр өңіріндегі азаматтардан жалпы сомасы шамамен 30 миллиард теңге жинап алып, барлығын алдап кеткен.

Енді сауда жасап, күн көрмекші болған азаматтар «Тауар да жоқ, ақшамызды да қайтармады. Арыз жазып шағымдансақ та, бірнеше айдан бері еш нәтиже шықпады» дейді. Алданғандар арасында абысындарымен жиналып, үйіне әдемі ыдыс аламыншы болғандар да бар, саудагерлер де бар. Бір ғана әйел 30 миллиард жинап, қулық танытуы мүмкін емес сияқты көрінеді. Мұндай алаяқтық схеманың артында үлкен топ бар болуы ықтимал. Барлығын әшкерелеп, заңға тарту қажет. Бұл жағдайдың өзі – ұлтқа қауіпті мәселе. Қазір қаншама отбасы ойран болып, сан соғып отыр.

Біз жиі қаржы сауаты деңгейін көтеру қажет дейміз, бірақ алданған қара халық саны азайып жатқан жоқ. Мүмкін байерлікпен айналысып жүргендерге қатысты да нақты талаптар қажет шығар? Олар қазір халықтан миллиондап ақша жинап, көлеңкелі экономиканың «гүлденуіне» үлес қосуда. Байерлер тиісті мекемелерден аккредитация алып, ашық жұмыс істеуі қажет деп ойлаймын. Бұл ретте «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының сыртқы сауда палатасы қандай механизмдер ұсына алады? Ал Ішкі істер министрлігі мен Бас прокуратура бұл жағдайды бақылауына алып, заң аясында шаралар қолдануы керек.

Қытайға визасыз барып, сауда-саттық жасауға мүмкін болған кезде мұндай алаяқтар көбеюі мүмкін. Халық арасында түсіндіру жұмысын да күшейту қажет деп ойлаймын.

Дәулет МҰҚАЕВ,
Мәжіліс депутаты

Музей қызметкерлерінің негізгі міндеті – С.Сейфуллин мұрасын жинап, зерттеу арқылы халыққа мәні зор, жоғары деңгейдегі қызмет көрсету, дамыту, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу ісіне атсалысу. Музей экспозициясы бойынша өткізілетін экскурсиялармен қатар мекемелерде, оқу орындарында лекциялар оқылып, көрмелер ұйымдастыру басты бағыттардың бірі болып саналады.

Ғылыми қорға түскен экспонаттарға сипаттама, өңдеу жұмыстарын жүргізу, паспорт толтыру, қорғау, бекіту, олардың сақталу әдістері, көпшілікке қызмет ететін деңгейге жеткізу – ғылыми қызметкерлердің күнделікті атқаратын жұмыстары болып саналады.

Халқымыздың тарихи-мәдени, рухани мұрасын зерттеп, сақтап, жас ұрпаққа жеткізіп, ғасырлар жалғасын айқындап беру – музей қызметкерлерінің ең ішінде.

Репрессияға ұшырап, құжаттары жойылып, дүниесі тәркіленген азаматтың заттарын табу өте қиынға түскен. Сонда да қазір қорда 6 мыңдай құжаттай-заттай жәдігер жиналған. Сол жиналған жәдігерлер негізінде экспозиция құрылды.

Алғашқы экспозицияның құрылымының кіріспе залында Ақмола аймағының өлкетану, тың игеру жөнінде құжаттар, осы өлкенің жазушылары, С.Сейфуллин ісін жалғастырушы, дәріптеушілер ретінде Нұрғожа Ораз, Мадхат Төрежанов, Алдан Смайыловтардың материалдары қойылды. Келесі залдар балалық шағы, педагогикалық қызметі, әдебиет саласындағы еңбектері болып бөлінді. Осы залдың ішіндегі бір бөлмеде мұражай қызметкерлері отырды. Өйткені ол кезде екінші ғимарат берілмеген. Бір-екі жыл өткен соң кәсіподақ төрағасы Қасым Тәуекеновтың қажырлы еңбегінің арқасында екінші ғимарат қолданысқа берілді.

Мазмұны жағынан толықтырылып, толық өзгертілген екінші экспозиция 1994 жылы С.Сейфуллиннің 100 жылдығына жасалды. Алматы қаласындағы Орталық мемлекеттік мұражайынан уақытша қолдануға 11 жәдігер берілді. Осы мерейтой қарсаңында мұражай қызметкерлері Ресей мұрағаттарында, оның ішінде Красноярск қаласының кинофотокүжат бөлімінде жинақтау жұмысын жүргізіп, мұражай қоры біраз құжаттармен толықты.



СЕЙФУЛЛИН МУЗЕЙІ: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

Сәкен Сейфуллиннің музейі – Астанада жеке тұлғаға арналған алғашқы мұражай. Музей 1988 жылы 21 қаңтарда ашылды. Ең алғашқы жұмыс қор жасақтау жұмысы болды. Жинақтау жұмысы жүйелі жүргізілгеннің арқасында қазіргі таңда қор жасақталды. Музейдің негізгі кеңесшісі, филология ғылымының докторы, сәкентанушы Тұрсынбек Кәкішұлы және академик Серік Қирабаев еді. Биыл 35 жыл мерейлі кезеңге жетіп отыр.

Онда Жазушылар одағының 1 съезі, С.Сейфуллиннің шығармашылығына 20 жыл толуына байланысты 1936 жылғы марапаттау құжаттары, фотосуреттер бар. Кіріспе залындағы жазушылар экспозициясы өзгертіліп, тек С.Сейфуллинге қатысты материалдар қойылды; балалық шағынан басталып, педагогикалық қызметі,

революциялық кезеңдегі еңбектері толық қамтылды. Азамат ақынның қоғамдық-саяси қызметіне қатысты мәліметтер жинақталды.

Мұражай қызметкерлерінің жинақтау жұмысының нәтижелі болуына байланысты әдебиет саласындағы еңбектерінен көп материалдар жинақталып, әдебиетке арналған залдың мазмұны

толық өзгертілді. Экспозицияның бір бөлмесінде отырған мұражай қызметкерлері екінші ғимаратқа көшіріліп, тағы бір мазмұнды зал қосылды. Реэкспозиция жұмыстары 1998 жылы Астана қаласының тұсаукесеріне орай өзгертілді. Түбегейлі жәдігер қоятын тұғыр, сөрелер жаңартылды. Кіріспе залына С.Сейфуллиннің

тағырынан сыр шертетін үлкен гобелен қойылды. Сол жылдары музей қоры Ұлттық қауіпсіздік комитеті мұрағатынан алынған материалдармен «Ер есімі – ел есінде» залы толықты.

Қорға бейнелеу өнері туындылары, Алматыдан суретшілер Әубәкір Ысмайылов, Әмен Қайдар жинағы әкелінді. Гүлфайрус Ысмайылова Евгений Сидоркиннің коллекциясын сыйға тартты. Бастапқыда бейнелеу туындылары кіріспе залында орналастырылды. Кейін бөлек зал ретінде жасалды. С.Сейфуллиннің педагогикалық қызметіне арналған зал толықтырылды. Экспозицияға белгілі ғалым Капия Камалиеваның 1960 жылы С.Сейфуллин туралы шыққан кітаптары, авторефераттары қойылды. С.Сейфуллиннің әріптесі ұстаз Давид Гобузов естеліктері мен оқыту барысындағы көрнекі құрал ретінде қолданған, өзі салған суреттері экспозициядан орын алды. «Тар жол, тайғақ кешу» залындағы С.Сейфуллиннің 100 жылдық мерейтойы қарсаңында Әмина Сейфулина тапсырған 1927 жылғы шыққан «Тар жол тайғақ кешу» түпнұсқа кітабы – экспозицияның ең құнды жәдігері. Кезінде түпнұсқаға «Волга» автомашинасын ұсынған кезде бермей, музей қорына өткізген екен. Мәжіліс залына реэкспозиция жұмысы 2009 жылы жүргізілді. С.Сейфуллиннің балалық шағына байланысты құжаттық-заттай жәдігерлер жеке залға қойылды. Жеке мемориалдық заттарынан кабинеті мен жеке тұрмыстық бөлмесі жасақталды.

«Әдебиет және журналистика» залы «Үшқыннан» – «Егемен Қазақстанға» дейін» құжаттық-хронологиялық көрсеткіші, ҚазАПП мүшелерінің толық мүшелері, С.Сейфуллин редакциялығымен жиналған Ы.Алтынсарин, Ақан сері, Ш.Құдайберді таңдамалы жинақтарының

көшірмесімен толықты.

Музей қоры жылдан жылға жаңа жәдігерлермен толығырақ. Оның ішінде Гүлбаһрам Сейфулина тапсырған С.Сейфуллиннің тақиясы, шапаны, сағаты, Рымжан Сейфулина сақтаған тігін машинасы, София Абдулқызы тарихта «Жайылмаған ақ дастарқан» деген атпен қалған дастарқанын берді. Республикамызға белгілі дәрігер Абай Қабатайұлы арнайы әкеліп музей қорына өткізген Ақан сері қолданған кесесі музей экспозициясының құнды жәдігері қатарында.

Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Мәлік Әбділдин авторлығымен С.Сейфуллиннің, Б.Майлиннің, І.Жансүгіровтің фарфордан құйылған мүсіндері экспозицияның мәжіліс залына қойылды. Осы құнды жәдігерлердің барлығы бүгінгі таңда музей экспозициясы төрінде өз орнын алып, кейінгі ұрпаққа үлкен тарихи мәні бар көненің көзі болып тұр.

Музейді әр жылдары басқарған басшылар Сәкен мұрасын насихаттап, музей жұмысын жүргізу барысында аянбай еңбек етті. Музейдің алғашқы директоры Роза Иманғалиқызының біліктілігінің арқасында қор жиналып, музейдің алғашқы экспозициясы жасалды. Серік Тұрғынбекұлы сол жұмысты жалғастырып, Серік Оспанов С.Сейфуллиннің музыкалық мұрасын зерттеп, үлкен еңбек жазып, насихаттау мақсатында экспедициялар ұйымдастырды. Несіпбек Айтұлы музей экспозициясына реэкспозиция жұмысын жасап, музей ғимараттарына жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жыл сайын ақындар мүшәйрасын өткізу дәстүрге айналдып, С.Сейфуллиннің «Сырсаңдық» сериялық жинағы 8 том болып жарық көрді. Қазір қара шаңырақ музейлер бірлестігі құрамына еніп, Салтанат Ақселеуқызының тәжірибелі жұмысының арқасында насихат жұмысы жалғасын тауып отыр. С.Сейфуллин музейінің тізгінін белгілі ғалым, тарих ғылымының докторы, сәкентанушы Марат Әбсемет алып, музей қорын толықтыру, реэкспозиция жұмысын жаңдандыру, Сәкен мұрасын насихаттау барысындағы жұмыстарды қолға алды. Келесі жылы С.Сейфуллиннің 130 жылдығын атап өту жоспары жасалып, дайындық жұмыстары басталып кетті.

Гүлназия БОЛАТ,
С.Сейфуллин музейінің
қызметкері



Мәжіліс залы



С.Сейфуллиннің жұмыс кабинеті

ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕЙДІ

2001 жылдың мамыр айында өткен «Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер» атты халықаралық ғылыми конференциясы өткен еді. Бұл алқалы жиынның шешіміне орай Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің бас ғимаратындағы атриумға Күлтегін ескерткішінің ғылыми көшірмесі 2001 жылдың 18 мамырында әкелініп орнатылды. 2003 жылы 17 қазанда университеттің Күлтегін атриумында Жазу тарихы музейі ашылды. Бүгінгі күні көлемі шағын болғанымен айтары мол, мазмұны терең Жазу тарихы музейінің ашылғанына 20 жыл толып отыр.



Бұл музей көрнекті қоғам қайраткерлерінің, қазақ халқының ұлт тарихына жанаһыр тұлғаларының ой-арманы мен тілегінен туындаған еді.

Музей көрнекті қоғам қайраткері, белгілі түркітанушы ғалым, филология ғылымының докторы Мырзатай Жолдасбековтің қажырлы қызметінің нәтижесінде дүниеге келді. Белгілі ғалымдар А.Сейдімбек, Қ.Салғара, Т.Жұртбай, Қ.Сартқожа және басқа да көптеген тарихшы ғалымдар музейді дамытуға қомақты үлес қосты.

Мырзатай Жолдасбеков түркі тарихына қатысты ескерткіштер туралы «Тек түркі халықтары мәдениетінің ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзі мәдениетінің тарихында елеулі орын алатын осындай ескерткіштердің мәні зор. Сондай құнды рухани мұралардың қазақ жерінде де көптеп болғандығы – біздің халқымыз үшін үлкен мақтаныш» деген болатын.

Ғалым-қайраткерлердің ұйытқы

болуымен Моңғолия жерінен тарихымызға қатысты аса құнды дүниелер әкелініп, музейіміздің маңызын арттыра түсті. Бұл музейде ежелгі түркі, финикия, арамей, брахми, соғды, ұйғыр, манихей, қидан, қытай, сириялық, армян, моңғол, тод, араб, латын және кирилл әліпбилерінің үлгілері бар.

Тарихымыздың куәсі болатын Тоқтамыс хан жарлығы, Уәли сұлтан, Абылай ханның мөрлері, Кенесары Қасымұлы хатының көшірмелері, Несториан құлпытасы, Талас көне түркі I жазба ескерткіші, қыштағы араб графикалық жазу, Елтеріс Құтлұғ қағанның бас мүсіні, Күлтегін кешенінің кірпіші, қыш кірпіштегі жазу, В.Томсеннің ескерткіш бюстті музей мазмұнын байытып тұр. Еуразиялық кеңістіктегі түркі халықтары қолданған жазу үлгілері – әлемдік мәдениеттің аса құнды мұралары. Мұражай ЕҰУ оқытушылары мен студенттеріне осындағы жәдігерлерді оқу-әдістемелік ісінде пайдалануға жәрдемдеседі.

Университетімізге ресми сапармен келген қонақтар ресми делегациялар, меймандар музейге арнайы кіріп, көп мағлұмат алды. «Тәуелсіздіктің жемісі» конференцияға, Қазақстан тарихшыларының конгресіне Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, университеттегі алқалы жын мен отырыстарға қатысушылар, құнды кітаптар таныстырылымына келген мей-

мандар, Үндістан делегациясы, экология саласы жөнінен шет ел қонақтары музейімізді тамашалады. Университетте Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай салтанатты шараға келген делегация, Италия, Иран, Қытай, Америка елдерінен келген меймандар болды.

Мектеп программасында Күлтегін тарауын өткізуге байланысты Астана қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектептерінің, №22, 64, 38, 54, 50, 56, 62, 35, 22 мектеп-лицейлерінің оқушылары Күлтегін тасы және жазу тарихы музейімен толық түрде танысты. Мектеп оқушыларының музейден алған әсерлері өте жақсы екенін жеткізіп, ықыластарын білдірді. Келешекте осы оқу орнына түсетін ойлары бар екендіктерін де айтып жатты. Сонымен қатар олар да сыныптан тыс музей туралы, тарихи мұралар туралы курс жұмыстарын жазады.

Мектептерде практикадан өтіп жүрген студенттер өз сыныптарымен келіп, сабағын өткізуге мүмкіндік жасалған. Түркология мамандығы бойынша оқып жатқан студенттерге музейде дәріс өткізетін аудитория ашылды. Университетімізде өткен «Ашық есік» күні де музейге экскурсия ұйымдастырылды. Жалпы Астанаға келген жекелеген қонақтар, кафедраларға келген ресми меймандар да музейге жиі келіп тұрады.

Қала мектептерімен байланыс орнатылып, «Музейде бір сағат»

жобасы аясында «Жазу тарихы» музейінің жұмысымен таныстырылады. «Түркі жазуының даму жолы», «Көне түркі жазба мәдениеті тілдері күні мерекесіне жетілдіру жолдары» тақырыптары жөнінде ақпарат беріледі. Оқушылар ескерткіштің тарихы мен маңызына ерекше назар аударды. Олар халқымыздың өткені мен бүгін туралы мол мағлұмат алып, елге, жерге деген сүйіспеншіліктері арта түседі.

Күлтегін тасындағы жазбалар батырлық пен қайсарлыққа, елге деген құрмет пен мақтанышқа баулиды. Күлтегін ескерткіші кез келген жастың бойында ұлт-жаңдылықты, елін сүюге деген патриоттық сезімді оятары анық. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» дейді халық даналығы. Тарих жәдігерлерімізді жиып-теріп, алтыннан да қымбат асыл сөздерін зерттеп, мән-мағынасын аша білсек, еліміздің тәуелсіздігінің тарихына, мәдениетіне қосып отырған үлесіміз мол болмақ. Сол сияқты Жазу тарихы мұражайының ерекшелігі өте зор. Музейді көрген әр азаматтың жүрегіне күш-қуат, рух еліміздің тәуелсіздігінің берік болатынына үлкен сенім тудырады.

Бірлігі мен ынтымағы жарасқан еліміздің көркейіп, беделінің биіктей беруіне тілектеспіз және мақтан етеміз.

Тамара ҚОЖАМҚҰЛ,
Жазу тарихы мұражайы
меңгерушісі



ЖЕЛІДЕГІ ЖҮГЕНСІЗДЕРГЕ ЖОЛ БЕРМЕҢІЗ

Баршаға аян, интернет және телефон алаяқтығы – біздің елорда үшін көптен бері бас ауруына айнала бастаған тақырып. Біздің бұл қылмыспен бел шешіп күресе бастағанымызға да біраз жыл болды. Бірақ ол жылдан-жылға аясын кеңейтіп, неше түрлі құйтырқылықпен айласын асырып келеді. Өткен жылға қарағанда тек Есіл ауданының өзінде мұндай жағдайдың өскендігі байқалады. Тіпті елорда бойынша да әрбір екінші құқық бұзушылық цифрлық технологияны қолданумен байланысты екені анықталды. Айту керек, цифрлық технологияны меңгеру үшін осы саладағы біліктілік пен белгілі бір дәрежеде дағды да аса қажет. Міне, қазіргі он сегіз жастаң асқан бозбалалар ғаламтордың бағдарламаларын жетік меңгеріп алып, кибералаяқтық жолына түсіп жатқанын күнделікті өмірден көріп отырмыз.

Тек жастар емес, мұндай жүгенсіздікке, яғни телефон алаяқтығына орта жастағы адамдар да, соның ішінде әйелдер де баратындығы қынжылтады. Әрине, құқық қорғау органдары да қол қусырып қарап отырған жоқ. Барынша бітіспес майдан ашып, күрес жүргізіп жатырмыз. Осы бағытта арнаулы екпінді-мақсаттағы топ құрылды. Оның құрамына тергеуші, криминалистік, жедел өкілетті қызметкер енді. Бұл адамдардың барлығы да – киберқұлаушылар деп аталады. Бұл адамдардың барлығы да – киберқұлаушылар деп аталады. Бұл адамдардың барлығы да – киберқұлаушылар деп аталады.

Қазір Астана қаласында интернет-алаяқтық азаймай отыр. Өткен қыркүйек айында 57 оқиға тіркелсе, қазан айында телефон соғып, қарапайым халықты алдауға әрекеттенген 71 алаяқтың үстінен полицияға шағым түсті.

Бұған дейін бірнеше рет айтылғандай, сізге біреу банк қызметкері болып қоңырау шалады. Есепшотыңызға қауіп төніп тұрғанын, біреулер сіздің атыңыздан кредит рәсімдерін

Қазіргі цифрлық технологияның жетістіктеріне бәркімізді аспанға ата қуанғанымызбен, көңілге қаяу түсіретін екінші жағы барын да түсініп отырмыз. Кейінгі кезде Астана қаласында киберқылмыстың көбейіп бара жатқаны, интернет-алаяқтардың қарапайым адамдарды алдап, қан қақсатып жүргені бұқаралық ақпарат құралдары арқылы да, әлеуметтік желі арқылы да күн сайын хабарланып отыр. Қазір осы келеңсіздікпен бітіспес күрес жүргізуде құқық қорғау органдары пәрменді шаралар қабылдап отыр. Солардың бір парасына тоқтала кетейін.

келіп жатқанын хабарлайды. Шотыңызды бұғаттау үшін карта нөміріңізді, CVV-кодыңызды немесе сіздің ұялы телефоныңыз арқылы қашықтықтан қолжетімді арнаулы бағдарлама (Anydesk, Teamviewer, Rustdesk) орнатуыңызды сұрайды. Егер сіз бұған сеніп қалып, айтқанын істесеңіз алаяқтар сіздің құпия мәліметіңіз арқылы картотықандың, депозитіңізден ақшаңызды сыпырып алады. Не болмаса, сіздің атыңызға кредит рәсімдей алады.

Сондай-ақ олар сізге қауіпсіздік үшін деген желеумен ақшаңызды депозиттен алып, екінші шотқа салуға кеңес береді мүмкін. Жақында осы елордада «Р» есімді бір азаматша жалған телефон қоңырауына алданып қалып, 25 миллион теңге ақшасын өзі ойлағандай Ұлттық банктің есепшотына аударған. Ал шын мәнінде бұл алаяқтардың тұзағы болатын.

Енді бір кеңінен тараған әдістің бірі – сізге полиция қызметкерінің телефон шалуы. Әуелі сіздің қылмыстық кодекстің бір бабы бойынша жақында жасалған қылмысқа қатыстылығыңыз туралы хабарлайды. Одан тез құтылудың жолдарын айтып, кеңес береді. Не болмаса, «сіздің бір жақын туысыңыз заңсыз әрекет жасаған» деп істі шұғыл жабу үшін белгілі бір соманы төлеуді ұсынады. Алаяқтық бұл түріне көбіне жасы егде тартқан зейнеткерлер ұшырап қалып жатады. Кеңес заманында тәрбиеленген олар полиция рөлін ойнаған киберқылмыскерге бар жиған-тергенін аударып беретіні бар.

Мұндай жағдайда әңгімені неғұрлым тезірек бітіруге тырысыңыз. Ешқашан ешкімге өзіңіздің реквизиттеріңіз бен пластикалық картаңыз, пәроліңіз бен құпия кодыңыз

сияқты дербес мәліметтеріңізді айтпаңыз. Банк қызметкерлері сізге ешқашан өзі қоңырау шалмайды.

Алаяқтар неше түрлі құйтырқы айла-тәсілдер мен қулық-сұмдықтарды пайдалануы мүмкін. Олардың жастары да әртүрлі болады. Өмір тәжірибесі көрсетіп отырғандай, мұндай қылмысқа баратындар көбіне колледж студенттері мен 20 мен 30 жас аралығындағы жастар болып отыр. Тіпті зейнет жасындағы адамдар да кездесетінін жасыруға болмайды.

Сосын олардың сауалдарына жауап бермеуге, әңгімені қысқа қайырып, қатаң аяқтау керек. Өйткені дәл сіздің даусыңызды ол кейінірек пайдалануы әбден мүмкін. Бұған қоса әккі алаяқтар сізді қорқытуды, қысым жасауды, есіңізді жиғызбастан сеніміңізге кіріп алуы да әбден мүмкін.

Астана қаласының тұрғыны Қобылан Хамзинге түскі үзіліс кезінде Орал қаласында тұратын тұған апасы телефон соғады. Тамақтанып алып, 10-15 минут тынығып алайын деп жатқаны сол еді, апасы: «Қобыланжан, көмектесші, өтінемін, көмектесші!» деп еңірей береді.

«Не болды, жөндеп айтшы» деген сауалына «бауырым ауыр жағдайға тап болды. Тез ақша керек» деп сөзінің соңын аяқтамастан жылап жібереді.

Қобыланнның есі шығып кетеді. «Қанша ақша керек?» «5 миллион» деген жауап естиді.

Әрі апасы «айналайын, телефонды айырмашы» деп жалынып сұрайды.

Қобылан қиын жағдайда апасына барынша көмектесу үшін жақын маңдағы банкке жүгіреді.

Сөйтіп, банкте кезекте тұрып, болған мән-жайды айтып, әйеліне де қоңырау шалып үлгереді. Міне, осынысы өте

дұрыс болады. Сол бойда әйелі апасына телефон соқса, апасы қаннен-қаперсіз жауап беріп тұр дейді. Сұмдық!

Алаяқтар апасының даусын салып, Қобыланға қоңырау шалған екен. Кейін белгілі болғанындай, екі-үш күн бұрын біреулердің қайта-қайта телефон соғып, апасымен сөйлескені анықталыпты. Сондықтан тәртіп сақшылары бейтаныс адаммен телефонмен ұзақ сөйлеспеуге кеңес береді.

Кейінгі кезде алаяқтар қазір WhatsApp хабарламаларын белсенді түрде қолдана бастады. Тәсілі сол бұрынғыша. Мәселен, сізге қызыңыздың белгілі бір конкурсақа қатысуына дауыс беруіңізді сұрайтын хабарлама келеді. Әдетте, фотосуреттер мен байқаудың сипаттамасы дәлелді себептермен қоса беріледі. Әрі қарай дауыс беру үшін сілтеме бойынша өтуіңіз сұралады. Біраз уақыттан кейін сізде WhatsApp-пен байланыс қиындап, түйткілдер туындай бастайды. Дәл сол кезде сіздің отбасыңыз, достарыңыз немесе таныстарыңыз сізден әдетте қарызға ақша сұраған хабарламалар алады. Телефон нөмірі сіздікі, барлық атаулар дұрыс, жазып отырған сіз сияқтысыз. Сеніп қалуы әбден мүмкін.

Тіпті ұяттан безгендер танысу сайттарында белсенді жұмыс істеп, жалған профильдер арқылы онлайн хат алмасуда. Сондай-ақ киберқылмыскерлер өздерінің құрбандары үшін (мысалы, интимдік фотосуреттер) кейбір компроматтық деректерді тауып алып, содан кейін онымен жәбірленушіні бопсалайтын фактілер де тіркеліп отыр.

Қазір киберқылмыс дамып, барған сайын жетілдіріліп келеді. Олар енді сіздің даусыңызды айнытпай салатын да жағдайға жетті. Тіпті бейне кескініңізді де жасай алады. Сондықтан бейтаныс бейне қоңыраулардан абай болыңыз. Қырағылық танытыңыз. Өзіңізді желідегі жүгенсіздердің алдауына мүмкіндік бермеңіз.

Нұрсұлтан ЕРЕЖЕЕВ,
Астана қаласы Полиция департаменті Есіл аудандық басқармасы криминалдық бөлімінің өкілетті қызметкері

Жыл басынан бері елорда полицейлері есірткі қылмысына қатысты 34 баланы ұстады. Олардың әрқайсысы 15 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

ЕСІРТКІГЕ – ТОСҚАУЫЛ

Есірткі заттарды сақтау, өндіру немесе тасымалдау үшін қылмыстық жауапкершілік 16 жастан басталады. Осылайша ломбардтар немесе курьерлер 7 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін деп атап өтті Астаналық Полиция департаментінің баспасөз қызметі.

Полицейлер есірткі қылмысымен күресте алдын алу шаралары мен профилактиканың зор маңызға ие екенін айтты. Қылмыстың көбеймеуі үшін балалармен және жасөспірімдермен дендеп жұмыс істеу үлкен рөл атқаратынын атап өтілді.

«Қылмыскерлер жасөспірімдерді қылмыстық жауапкершілікке тартылатын жасқа жетпегеніне сендіріп, оларға «сендерге нақты жаза болмайды» деп алдайды. Әрі кетсе, ата-аналарына айыппұл салынады дейді. Сөйтіп, жастарға аз уақытта үлкен табысқа кенелуге уәде етіледі. Бірақ «жұмыс» деп аталатын мұндай наркокурьердің қызметінің ең ұзақ мерзімі – 2-3 ай. Содан кейін олар ұсталып, 7 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылып, нақты мерзімге сотталады. Осыны әр жеткіншек қазақ есте ұстағаны жөн» дейді құқық қорғау қызметкерлері.



АЛАЯҚ АЛЫСТАН КЕЛМЕГЕН...


Астана полициясына елорда тұрғыны өзін бір адамның алдап, алтын бұйымдарын иемденіп кеткені туралы шағым түсірді.

Жедел-ізвестіру іс-шаралары барысында Есіл ауданы ПБ криминалдық полиция қызметкерлері алаяқтық жасауға қатысы бар деген күдікпен 44 жастағы қала тұрғынын анықтады.

Тергеу барысында ер адамның қаладағы зергерлік дүкендердің бірінде жұмыс істейтіні белгілі болды. Жәбірленушіні бұрыннан танытын болғандықтан, оның сеніміне кіріп, алтын әшекейлерін балқытып, алтын алқа жасап беруді ұсынған. Алаяқ зергердің берген уәдесіне сенген

астаналық шамамен 2 млн теңге тұратын алтындырып жөндеуге берген. Қаскүнем кейін әртүрлі сылтаулар айтып, уәдесін орындамай хабарсыз кеткен.

Аталған факті бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізіліп, оның елорда аумағында жасалған басқа да осыған ұқсас қылмыстарға қатысы бар-жоғы тексерілуде. Астана қаласының Полиция департаменті азаматтарға қырағы болуды, бейтаныс адамдарға сенбеуді ескертеді.



Өз басым негізі сонау Қазан төңкерісінің от жалын жылдарында «Тіршілік» газетінен бастау алған облыстық газет редакциясының ұжымында ат ауыстырмай қырық жылдан астам еңбек еткен жылдарымда өңірдің барлық шаруашылықтарында болдым десем, асыра айтқандық емес. Жыл бойы бір-біріне жалғасып жататын науқандық жұмыстардың газет бетінде жария етілуі біздер, журналистерге жүктелген жауапты міндеттер болатын. Аудан басшылары, шаруашылық жетекшілерімен, диқан, малшы, сауыншы, механизаторлармен жүздесіп, олардың ерен еңбектері жайлы мақалалар жазып, суреттерін жариялап жататынбыз. Міне, осындай жол сапар кезінде Зейнолла ағамызбен ол еңбек еткен Астрахан, Атбасар аудандарында бірнеше рет жүздескен едік.

1982 жылдың қазан айының 15 жұлдызында облыстық партия комитетінің бюро мәжілісінде жүздесіп, өзіме, ұжымға айтқан жылы лебіздері әлі де жадымда. Бюро мәжілісін екінші хатшы З.Шайдаров ашып, жүргізіп отырды. Құл төртбіндегі мәселелер қаралып жатыр. Аудандардан келген біраз кадрлар бекітілді. Кезек маған да келіп жетті. Нұсқаушы менің өмірбаянымдағы мәліметтермен таныстырды. «Редакцияда он жылдан астам уақыттан бері қызмет етеді. Бұған дейін екі бөлімді басқарған. Кәсіби журналист...»

– Сұрақтарыңыз бар ма, жолдастар?! – деді Зекең мәліметтермен таныстырып болған соң. Ешкім үндемеді. Өзі сұрақ қойды. Бюро мүшелерінің, қатысып отырғандардың біразы орыс ағайын өкілдері болса да маған қазақша сауал тастады.

– Қай жоғары оқу орнын бітірдің? – деді.

– Алматыдағы ҚазГУ, журналистика бөлімі.

– Жақсы, газеттің беделін жоғары ұстаңдар. Ауыл шаруашылығы тақырыбын жан-жақты жазыңдар. Экономикалық мәселелерді назарда ұстаңдар. Проблемалар, оларды шешудің жолдары, соңғы жаңалықтар. Сын да болсын. Ұжымға осы сәлемімді жеткіз. Ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі болуыңызбен құттықтаймын. Жолың болсын! – деген еді сонда Зейнолла аға.

Қандай да бір белгілі тұлғаның болмысы, оның парасатты мінез-құлқынан, жақсыға жақын, үлкенге ізет, кішіге қызмет көрсетуінен танылады. Мұндай адамдарға қатысты халық арасында «Жаны жайсаң екен» деген пікір қалыптасқан. Сондай азаматтың бірі Целиноград облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, одан кейін Целиноград облыстық атқару комитетінің төрағасы болған белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Зейнолла Шайдаров ағамыз еді. Адам болмысында кездесетін жақсы қасиеттерімен есімізде қалған Зейнолла аға, егер осы күндері арамызда болса 90 жасқа толғандығы кеңінен атап өтілер ме еді?!



ЕЛІМЕН БІРГЕ ЕСЕЙГЕН

Қазақша сөйлеп «Жолың болсын!» дегені жүрегімді жылытты. Жігерімді тасытты. «Газеттің беделін көтеріңдер» деген ағаның сөзі мені тіпті жігерлендіріп жіберді... Ал соңғы рет асыл ағамызды елордамыздың Арқа төріне қоныс аударғанына 20 жыл толуы қарсаңында редакция тапсырмасымен сұхбатқа шақырып, әңгімелесудің сәті түскен еді. Осы жолы ардагер ағамыз күні кеше облыс орталығы, бүгінде Астана мәртебесіне ие болған Ақмоланың өз кезеңінің талап-талғамына сай жетістіктері, өсіп-өркендеуі, мәдени өмірі, оқу-білім, өнеркәсіп салалары бойынша бағамдай ой толғап, өз тұжырымдарын нақты деректермен әңгіме еткен болатын.

Облыс орталығындағы ірі өндіріс орындары – «Каззахсельмаш», «Целиноградсельмаш», үй құрылысы комбинаты, насос, газ аппаратуралары, шойын құю, вагон жөндеу заводтары сияқты кәсіпорындардың, тоқыма-жіп иіру, тігін фабрикаларындағы еңбекшілердің ерен еңбектерін, мыңдаған гектарларға егін егіп, Отанымыздың берекесінің молшылығын тасытқан диқан-механизаторларымыздың күні-түні бел жазбай атқарған жұмыстарының қарапайым көпшіліктің қаперіне алынуына ерекше назар аударып еді.

– Біз өз заманымыздың перзенті санатындамыз. Соған орай еңбек еттік. Менің саналы ғұмырым осы Ақмола өңірімен тікелей

байланысты өтіп келеді. Осы өңірде өсіп-өндім. Халқыма хал-қадірімше еңбек еттім, оған өзім дән ризамын, – деген-ді.

Әңгіме барысында бізге мәлім болғанындай, Зейнолла ағамыз 1933 жылдың қараша айының 14 жұлдызында Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданындағы «Атасу» кеңшарында дүниеге келген. Екі жасар сәби кезінде әкеден айырылған ол анасы Насиханың, әкесінің ағасы Шайдар ақсақалдың тәрбиесімен өсіп, жетілген.



Өнегелі өмір өрнектерінің иегері ардагер ағамыздың ел алдындағы атқарған еңбегі кезінде мемлекет тарапынан лайықты бағаланды. Зекең екі мәрте Республика Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Орталық комитеттің мүшесі болды. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, Октябрь революциясы, «Құрмет» белгісі ордендерімен, көптеген медальмен марапатталды

Елді жайлаған қиын кезең. Әйтсе де еті тірі жасөспірім жеткіншек 1940-1941 оқу жылында өз қатарластарымен орта мектеп табалдырығын аттады. Біздің осы күндері айтып, жазып жүргеніміздей, «балалық шақ – балдәурен» дейтін ұғыммыздың жасөспірім Зейнолла, оның құрдастары үшін әлдебір қызыққа толы болмағаны, соғыстан кейінгі тұрмыс тауқыметі, жұтан тіршілік балалықты ұмыттырып жібергендігі де сұхбат барысында қылаң беріп өткендігін аңғарған едік. Бала кезінен зерек, өзіне талап қойғыш, оқуға ынталы болғандықтан, орта мектепті үздік бітіріп шығады. Ауылда қалып еңбекке араласуды ұйғарады. Алайда баланың жоғары білім алып, қатарынан қалмауы, білімге деген құштарлығын пайымдаған әкесі Шайдар оның Алматыдағы зоотехникалық-малдәрігерлік институтына оқуға түсуіне мүмкіндік жасайды. Жолы болып, жоғары оқу орнының студенті атанады.

...Міне, өзіндік қолтаңбасын қалдырған студенттік өмірдің бес жылы да артта қалды. Сол кездегі қалыптасқан ережеге сәйкес, жас маман 1955 жылы Республика Ауыл шаруашылығы министрлігінің жолдамасымен Ақмоладағы зоотехникалық-малдәрігерлік техникумның қарамағына оқытушылық қызметке жіберіледі.

Баршамызға мәлім, 1964 жылы Орталық партия құрылымында ауыс-түйіс болып, Бас хатшылыққа Л.И.Брежнев келді. Төменгі

буындарда өзгерістер болып жатты. Содан 1966 жылы Республика Орталық партия комитетінің шешімімен Қарағандыдағы мектеп жабылып, ондағы оқытушы кадрлар республикамыздың облыстарындағы партия құрылымдарына жұмысқа жіберілді.

Осы жылдың шілде айында Зейнолла Мұхаметжанұлы Ақмола облыстық партия комитетінің ауылшаруашылығы бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып тағайындалады. Бұл бір жаңа экономикалық реформаның жүзеге асырылып жатқан жауапты кездері болатын. Облыс, негізінен, ауыл шаруашылығы бағытындағы өңір саналатын. Егін өсіру, мал шаруашылығы басты бағыт болып есептелетін. Қала іргесіндегі Шортанды кентіндегі Бүкілодақтық астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ғалымдарымен ынтымақтаса еңбек етіп, жаңа технологияларды салаға енгізу, қой шаруашылығында семейліктердің бастамасымен комсомол-жастар бригадасын құру сияқты бастамалар жүзеге асырылды. Зейнолла ағамыздың өз саласына жүктелген жұмыстары алға басып жатты. Жаңа ұсыныстар ұсынуындағы табандылығы, жігерлілігі өз жемісін берді деуге болады. Осылардың барлығы басшылар тарапынан лайықты қолдау тауып, бағаланды да.

1969 жылы Зейнолла Шайдаров облыстық партия комитетінің ұйғарымымен Астрахан аудандық партия

комитетіне екінші хатшы болып сайланды. Осы ауданда екі жылдан аса еңбек еткен Зейнолла Мұхаметжанұлы 1972 жылы Алматы жоғары партия мектебінің үздік дипломымен Атбасар аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланады.

1979 жыл – Зейнолла Мұхаметжанұлы үшін өміріндегі бір есте қаларлық белес болды деп айтуға болады. Облыстық партия комитетінің ұйғарымымен Қазақ КСР Орталық партия комитеті обкомының екінші хатшысы лауазымына ұсынылып, пленумда бір-ауыздан сайланды.

Ағамыз сол жолы 1979 жылғы облыс орталығында Неміс автономиясының ашылуына орай болып өткен орталық алаңдағы студент жастар шеруін өте бір толқу үстінде еске алған еді.

...«Неміс автономиясы ашылады. Орталығы Ерейментау болады, бірінші хатшылыққа А.Браун, атқару комитетінің төрағалығына Ә.Шабатов тағайындалмақшы» деген өңгіме халық арасына тарап кеткен. Жексенбі күні болатын. Орталық алаңда кәсіптік-техникалық училище түлектеріне еңбек орындарына жолдама тапсыру рәсімін өткізу шарасы жоспарланған болатын. Енді бір сәтте алаңға жастар жинала бастады. Байқасақ, Ауыл шаруашылығы мен медицина институтының студенттері. «Неміс автономиясының ашылуына жол бермейміз!», «Қазақстан – біртұтас!» деген жазулар. Облыс басшылары, бәріміз алаңға шықтық. Қоғамдық тәртіпті қадағалау – менің құзырымда. Жастардың арандап қалмауын ойладым. Басу айттық. Сабыр сақтаңдар. Бәрі байыппен шешіледі дедік. Обалы не керек, жастарымыз сабырлық танытты, соған риза болдым. Шынымды айтсам, өзімнің де жүрегім қан жылап тұрғандай еді».

1983 жылы Зейнолла ағамыз облыстық партия комитетінің ұсынысымен, Орталық партия комитетінің ұйғарымымен облыстық атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. Хатшылық міндетке қарағанда бұл қызмет халық шаруашылығының барлық саласын қамтитынын еске алсақ, ол міндетті де үлкен жауапкершілікпен атқарды. Өнегелі өмір өрнектерінің иегері ардагер



Енді тек осы елімен бірге есейген ардагер ағамыздың есімін есте сақтау шараларының бір парасы ретінде оның кіндік қаны тамған ауылдағы мектепке есімі беріліп, ол тұрған үйге ескерткіш-тақта орнатылса, елорда көшелерінің біріне есімі берілсе деген тілегімізді де айта кетуді жөн санадық

ағамыздың ел алдындағы атқарған еңбегі кезінде мемлекет тарапынан лайықты бағаланды. Зекең екі мәрте Республика Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Орталық комитеттің мүшесі болды. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, Октябрь революциясы, «Құрмет» белгісі ордендерімен, көптеген медальмен марапатталды.

Сөйткен ардагер ағамыз бүгінде арамызда жоқ. Өмір заңы осыны алға тартады. Мойындамасқа шараң бар ма?! Бірақ, артында жарты ғасырдан астам бірге ғұмыр кешкен зайыбы, ұлағатты ұстаз, абзал ана, ақылшы ене, немерелерінің әжесі, шөберелерінің ұлы әжесі Айман әпкеміз бар. Өмір жалғасуда. Зейнолла ағамыз бен Айман әпкеміз үш ер бала өсіріп, тәрбиеледі. Мейірімді әке, мейірбан ананың тәлім-тәрбиесі нәтижесінде олардың әрқайсысы өмірден өз орындарын тапты, отбасын құрып, егемен еліміздің өркен жаюына өз үлестерін қосып келеді.

Енді тек осы елімен бірге есейген ардагер ағамыздың есімін есте сақтау шараларының бір парасы ретінде оның кіндік қаны тамған ауылдағы мектепке есімі беріліп, ол тұрған үйге ескерткіш-тақта орнатылса, елорда көшелерінің біріне есімі берілсе деген тілегімізді де айта кетуді жөн санадық.

Бәдүен ИМАШҰЛЫ,
Қазақстанның
құрметті журналисі

БАСПАСӨЗ-2024

ГАЗЕТКЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

*ГАЗЕТИМІЗДІ «ҚАЗПОШТА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ, СОНДАЙ-АҚ, «АСТАНА АҚШАМЫ» ГАЗЕТИ РЕДАКЦИЯСЫНА (Достық көшесі 13, "Нұрсая-2" ТК) КЕЛІП ЖАЗДЫРЫП АЛУҒА БОЛАДЫ.

Индекс	65617	Баспалық жазылу бағасы
Жеке жазылушылар үшін	1 айға 3 айға 6 айға 12 айға	430 1 335 2 670 5 400
Индекс	15617	Баспалық жазылу бағасы
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	1 айға 3 айға 6 айға 12 айға	500 1500 3000 6 000
Индекс	65617	«Қазпочта» АҚ арқылы жазылу бағасы
Жеке жазылушылар үшін	1 айға 3 айға 6 айға 12 айға	639,36 1 918,08 3 836,16 7 672,32
Индекс	15617	«Қазпочта» АҚ арқылы жазылу бағасы
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	1 айға 3 айға 6 айға 12 айға	889,36 2 698,08 5 396,16 10 792,32

ASTANA AQSHAMY

www.astana-akshamy.kz



«АҚЖАУЫН» НЕМЕСЕ АЛТАЙ МЕН АТЫРАУ АРАСЫ

Астанада «Ақжауын» мемлекеттік камералық оркестрінің «Ұлы дала» атты концерті өтті. Мәдениет және ақпарат министрлігі, Астана қаласының әкімдігі, Алматы облысының әкімдігі қолдауымен өткен кеште Алтай мен Атырау арасындағы музыкалық мұрамыз, Еуропаның жауһар туындылары және аталмыш оркестрдің көркемдік жетекшісі, көрнекті күйші-композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Секен Тұрысбектің авторлық туындылары қалықтады.



Поэзия мен музыка – егіз. Олған, ән-күймен қатар өрілген концерт Секен Тұрысбектің осы кешке атау берген «Ұлы дала» күйімен ашылды. Әр шығармасының орындалуы алдында автор шығу тарихын тарқатып отырды. Мәселен, «Ару ана» күйі әйгілі жазушы Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекет» романы әсерімен жазылды. «Ағаның алды – ақ жайлау» дейміз. Сол сияқты Секен Тұрысбектің ағаларына арналған «Ақ жайлау», көрнекті ақын Олжас Сүлейменов құрметіне жазылған «Жазғы қар» атты күйлері бар.

Әсіресе, «Бесік» күйінің немесе шығарманың екінші атауы «Балаусаның» тарихы қызық. Аумалы-төкпелі жылдары, Секеннің әкесі Кәрім бесікте үлдеп жатқанда бұл

әулет шекара асқан. Ақыры баласы Секен сол бесікпен кері оралды. Бұл күй сол тағдырдан, өз әулеті, өзінің басынан өткен оқиғадан сыр шертеді.

Әрине, халық арасында кең танымал, жұрт сүйсініп тыңдайтын «Көңіл толқыны» және «Ақ жауын» күйлері туралы айтпай кетпеуге болмайды. Алғашқысы автор Анар мен Жанар атты қос перзентінен айырылғанда жазылды. Күйші-композитордың өзінің «Қасіреттен қасиетті өнер туады» деп айтатыны бар. Жапон халқы осы «Көңіл толқыны» күйін өз қасіретіндей қабылдайды. Бұл күйді естігенде, Хиросима мен Нагасаки қасіреті естеріне түседі. Оның себебі, кезінде «Көңіл толқыны» атом жарылысына арналған деп

хабарланған. Ал «Ақ жауын» қоғамдағы қайшылықтарды шау үшін жазылған. Осы күй Қытайдағы телеарналардың бірінен ауа райы болжамы айтылғанда ойнатылады.

Секен Тұрысбек аса көрнекті ақын Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастаны желісімен белгілі режиссер Сламбек Тәуекел түсірген, поэзиялық шығарма аттас көркем фильмді музыкамен көркемдеді. Соның ішінде шоқтығы биік туындының бірі – «Дарабоз» күйі.

Кеште осы шығармалармен қатар Мүкейдің «Қосбасқан қоңыр», Тәттімбеттің «Бес төре», Жантөренің «Шалқыма» күйлері шалқыды. «Салтанат» күйін Секен Тұрысбек авторы Төлеген Момбековтің қолынан алды. Жалпы концерт өмірден

өзган таланттарды еске алумен де ерекшеленді. Сондай дарындардың бірі композитор Мәліс Өзбеков еді. Оның «Келші айым» туындысын республикалық байқаулардың лауреаты Гүлфайруз Жайлауқызы орындады. Иә, көрермендер оркестрмен қатар жеке орындауда да шығармаларды тыңдады. Атап айтқанда, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты Рақымжан Нұрлыхан қылқобызды сарнатты, Гүлнұр Саргизова сымқобызды, Айым Мырзатаева флейтаны сызылтты, Мәдениет саласының үздігі Жігер Бергісов домбыраны бебеулетті. Сонымен қатар Монтидің «Чардаш», Карл Дженкинстің «Палладио» туындылары орындалды.

Секен Тұрысбек – бірнеше танымал әннің авторы. Әндерінің біразы көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Несіпбек Айтұлымен шығармашылық бірлестікте туған. Осы кеште таяуда фәниден бақиға көшкен аяулы ақын еске алынды. «Асыл ана», «Қоңыр қаз» әндерін талантты әнші Бибігүл Қылымхан салды. Халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты Біржан Айттахмет «Домбыра досым» және «Айхай заман» әндерін нақышына келтіріп орындады. Секен Тұрысбек ұлы Абайдың «Мен бір жұмбақ адаммын» өлеңіне де ән жазды. Бұл туындыны Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қайыржан Бердібай шырқады. Ал кеш күй атасы Құрманғазының «Серпер» күйімен түйінделді. «Ақжауын» оркестрі үш жылдан бері Алматы облыстық Сүйінбай атындағы филармония құрамында өнер көрсетіп жүр. Осы облыстың Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Данияр Әлиев кешке арнайы қатысып, жылы лебізін жеткізді.



БАЛЕТ ФЕСТИВАЛІ ШАҚЫРАДЫ

21-22 қараша күндері «Астана Балет» сахнасында ұлттық валютаның 30 жылдығы аясында қазіргі заманғы өнер саласындағы II FREEDOM BALLET өнер фестивалі өтеді.

Қатысушылар қатарында Мемлекеттік Вена балетінің, Нидерланд Ұлттық балетінің, Бавария Ұлттық Балетінің, Сан-Карло театрының, «Астана Балет» театры мен Абай атындағы Қазақ Ұлттық опера және балет театрының солистері бар.

Ұйымдастырушылардың хабарлауынша, кеш қонақтары бұрын-соңды Қазақстанда орындалмаған туындыларды тамашалай алады. Бағдарлама аясында Ханс ван Манен, Дэвид Доусон, Уэйн Макгрегор, Ренато Дзанелла, Уильям Форсайт сынды балет әлеміне төңкеріс әкелген тұлғалар мен өзге де хореографтардың туындылары көрсетіледі.

Фестивальдің арнайы оқиғасы – Life performance және Digital Installation жеке бағдарламасы. Балет көрсетілімі басталмас бұрын, фойеде қазіргі заманғы суретші, Performance artist Әділ Әубәкіров, New Media artist Әнуар Мүсірепов, музыкалық продюсер әрі саунд-дизайнер Густаво Коста (Бразилия), музыкант Канат Қыдырбаевтар Бауыржан Сағиевтің жетекшілігімен Теңге визуалды коды және Ұлы даладағы ақша қарым-қатынастары, сондай-ақ KASE қазақстандық биржасының деректері негізінде цифрлық визуализация тақырыбына моноинсталляцияны ұсынады.

Дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ

«АЛТЫН ДОМБЫРА» ИЕГЕРІ – МАҚСАТ АХАНОВ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония залында Мәдениет және ақпарат министрлігінің ұйымдастыруымен, Аманат партиясының қолдауымен «Еңбек – ел ырысы» атты республикалық ақындар айтысы өтті. Екі күнге жалғасқан осы жылдың басты додасына еліміздің әр өңірінде жыл бойы өткен айтыстардың жеңімпаздары қатысты.

Он алты ақын бақ сынаған «сөз барымтасын» Мәжіліс спикері, Аманат партиясының төрағасы Ерлан Қошанов ашып беріп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еңбек адамының мәртебесін көтеруді үнемі айтып жүргеніне ерекше назар аударды. Республика күні қарсаңында Президент 700-ден астам қарапайым еңбек адамын мемлекеттік наградами марапаттағанын атап өтті.

«Биылғы «Алтын домбыра» ақындар айтысының өзіндік мәні бар. Бүгінгі айтыс қарапайым еңбек адамдарына арналады. «Еңбек – ел ырысы» деп отырмыз. Себебі берекенің бастауы – еңбекте. Ал оның иесі де, киесі де –

қарапайым еңбек адамдары. Осы ретте Мемлекет басшысы «Адал азамат» ұғымын қоғам санасына сіңіруді ұсынды. Айналып келгенде, мемлекетті мемлекет, елді ел қылып отырған бай-бағыландар емес, қатардағы жұмысшылар, малшылар, диқандар, ұстаздар мен дәрігерлер. Қазір оларға деген қоғамның шынайы құрметі оянып келеді» деді Е.Қошанов.

Айтыстың екінші күні 8 ақын финалға шықты. Марапаттау рәсіміне Аманат-тың атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек қатысып, дәстүрлі доданың мәні мен маңызына тоқталды, партия алдағы уақытта да мәдениет пен өнерге барынша қолдау көрсете беретінін жеткізді.

Қазақстанның халық ақыны

Әсия Беркенова бастаған қазылар алқасының шешімімен бас жүлдені қарағандылық Мақсат Аханов иеленді. Оған «Алтын домбыра» және автокөлік табысталды. Ал жүлделі 1-орын және «Айтыс ақтангері» атағы қызылордалық Мейірбек Сұлтанханға, 2-орын павлодарлық Аспанбек Шұғатайға бұйырды. 3-орынды ұлытаулық Төлеген Жаманов пен Батыс Қазақстан облысынан келген Жансая Мусина өзара бөлісті. Сондай-ақ жамбылдық Алина Айдаралы, Батыс Қазақстан облысының айтыскері Мұрадым Мейрланов және алматылық Шұғайып Сезімхан арнайы жүлде иеленді. Сайысқа түскен барша ақыңға қомақты сый-сияпат табысталды.

